

ЖАРКЕНТ

№12-13 (56-57),
30 шілде,
жұма, 2021 жыл,
jar-aina@mail.ru



Айнасы

Қоғамдық-саяси, ақпараттық-экономикалық, тарихи-танымдық газет

ШЫҢҒЫС ХАН ҚҰРҒАН МЕМЛЕКЕТ ҚАЙДА?



Меніңше, Шыңғыс ханның шындығына көз жеткізетін екі негізгі тетік бар: бірі – оның қай монғол екенін, екіншісі – оның атамекені қазіргі Моңғолия не бұрынғы Моғолстан екенін анықтау.

Шыңғыс хан жайында жазылған қырыуар зерттеулерге қарасақ, оның монғол екені ырас.

Әңгімені Моңғол халық республикасынан бастайық. 1921 – жылы халқа халқы манжур бйлеушілеріне қарсы көтеріліс жасап, 1924 – жылы Кеңес өкіметінің қолдауымен Моңғол халық республикасы (МХР) құрылды. Соның басы-қасында Тұрар Ырысқұлов болды, сол кісінің ұсынысымен астанасы Ұланбатор атанды. 2004 – жылы жарық көрген «Қазақстан» ұлттық энциклопедиясының 6 – томында «монғол тілі – халқа тілі» делінген. Этникалық құрамы жағынан онда 90 пайыз халқа-монғолдар тұратыны және олардың XVI – ғасырда халқа деген атқа иіе болғаны айтылған (53 – бет). МХР – да тұратын халықтардың халқадан кейінгі көбі ойраттар екен. Қазақтар ойратты қара қалмақ, халқаларды құба қалмақ деген. Әйгілі «Ақтабан шұбырынды» заманында қазақтың Мүйізді Өтеген батыры осы құба қалмақтардың тұтқынында болып, оларға қытайлар шабуыл жасаған кезде құтылып шыққан.

Жаңа құрылған мемлекетінің атын елдің тоқсан пайызын құрайтын халқалар «Халқа мемлекеті» демей, неге «Моңғол халық республикасы» деп атаған? Оны солай атаған – Кеңес өкіметі. Неге?

Шыңғыс ханның түрік екенін түрік халқынан жасырыу үшін. Неге? Өйткені Дөң өзені мен Оралдың батыс жағынан Байқалға дейінгі жалпақ өңірді жайлап жатқан ірілі-ұсақты түрік халқы, тайпалары мен руларын көріп, біліп отырған Сталин олардың бірігіп кетіуінен қатты қорққан. Сондықтан оларды біріктірмей, үрейлендіріп отырыу үшін, «пантүрікшілер», «панисламшілер»

деп, оларды әлсін-әлсін жазалап отырыу әдісін ойлап тапты. Онымен де шектелмей, Сталиннің тікелей нұсқауымен бүкіл түрік халқының тарихы бұрмаланып, қайта жазылды. Орыс ғалымдары В. Захаров пен А.Клессевтің айтуына, 1944 – жылдың 9 – ағұсында қабылданған БК(б) П Орталық Көмітетінің «Татар партия ұйымында бұқаралық-саяси және идеологиялық жұмысының жайы және оны жақсарту шаралары туралы» қаулысынан кейін «Шыңғыс хан мемлекеті Моңғолдікі болып қайта жазылды («Государство Чингиз хана было переписано под Монголом»), скифтерді иран тілді деп қайта жазды, ал Қағанаттар туралы үндемеу ұйғарылады». Шынында, ол қаулыда: «7. ВКП(б) татар обылыстық комитетіне Татарстанның тарихын ғылыми тұрғыда талдап жазу ісін ұйымдастыру, жекелеген тарихшылар мен әдебиетшілердің Татарстан тарихын жазып шығаруда жіберген елеулі кемшіліктері мен ұлтшылдық сыйпаттағы қателіктерін (Алтын орданы әсірелеп көрсету, Едіге жайындағы хандық-феодалдық эпосты дәріптеу) жою тапсырылсын!», – делініпті (СОКП съездерінің, конференцияларының және Орталық комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері. 6 – том, 1941 – 1954, 2 – басылымы, 129 – бет).

«Қызым, саған айтам, келінім, сен тыңда!» деген – осы. Бұл – бір татар халқы арқылы бүкіл түрік халқы қорқытып отырған қаулы. Сол қаулының зардабын тарихымыз әлі тартып келеді. Сталиннің Украина мен Қазақстанға айрықша шүйлігіуі олардың көптігінен қорқандығынан.

Шыңғыс хан жайындағы ең негізгі түпнұсқа деректер қытай мұрағатында сақталған. Ол деректерді жарыққа шығаруға орыс қытайтанушылары Н. Я. Бичурин (Йакинф, 1777 – 1853) мен П. И. Кафаров

(Архимандрит Палладий, 1817 – 1878) үлкен үлес қосса, Шыңғыс хан жайындағы ең толық, ең сенімді деректерді қамтыған Рәшит әд – Діннің «Жамиғ ат – тауарих» атты әйгілі шығармасын алғаш парсы тілінен орысшаға аударған И. Н. Березин (1818 – 1896) еді. Бұл үшеуі – Қазан қаласында білім алған, түрік дүниесінен азды-көпті хабардар болған адамдар.

И. Березин – арап, парсы, түрік тілдерін білген адам. Ол Рәшит әд – Діннің әйгілі шығармасын өзі оқыған, өзі білген деректерді де айғақ ете отырып тәржімелеген. Сондықтан оның аудармасы өте құнды. Ол 1858 – жылы С.–Петербургте «Сборник летописей. История Монголов. Сочинения Рашид Эддина» деген атпен жарық көрді. Менің біліуімше, бұл аударма содан кейін қайталап жарыяланбаған. Неге? Өйткені ол аударма жасырған, бұрмаланған тарихтың бетін ашып қойатын еді. Мәселен, ол былай аударды: «Бұл Моңғолдар Түрік тайпаларының бірі еді» (1 – бөлім, 8 – бет). Мұнымен қоймай, бұл Моңғолдардың Яфестен тарайтын мұсылмандар екенін айта келіп, «Бүкіл Моңғолдар, сан алуан түрік рулары мен далалықтар – соның ұрпақтары», – дейді (сонда, 12 – бет).

Сонда халқа – моңғолдардың түрік тілді, түрік халқы болғаны ма? Әрине, олай емес, Березиннің айтып отырғаны – түрік тілді татар моңғолдар. «Моңғол сөзі әу баста «Мунғ ул болатын», – дейді Рәшит әд – Дін (сонда, 136 – бет). Арап қәрпімен ол сөз **Моңк аол** деп жазылған. Мұндағы «к» әрібі «г» болып та оқылады. Қалай болғанда да, ол сөздің қазақша мағынасы «мұң ұл» немесе «мұнды ұл» болып табылады, халқа моңғолдың сөзі емес екені айдан анық. Бұл атаудың мәнін тарататын сөз халқаларда бар ма екен?

(Жалғасы 4-5-6 бетте)

Изи іс

КИЕЛІ ЖАРКЕНТ ЖЕРІНДЕ

Биылғы еліміздің Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай және жыр алыбы Жамбыл бабамыздың 175 жылдығына арналған мәдени-танымдық іс-шараға облысымыздағы музейлер де бір кісідей ат салысуда. Оның айғағы осы шілде айында ауданымыздағы Сүйінбай Аронұлы және Үмбетәлі Кәрібаев әдеби-мемориалды музейлері бірігіп Жаркент қаласындағы «Жауынгерлік даңқ» музейінде «Ұлы даланың ұланы» атты музейдің және Үмбетәлі музейінен әрі менің жеке шығармашылық қорымнан сурет көрмесін өткізіп қайттық.

Көрменің өтуіне ұйытқы болған жаркенттегі «Жауынгерлік даңқ» музейінің меңгерушісі Ибрайымжанов Қали және сол музейдің қызметкерлері болды. «Жауынгерлік даңқ» музейі тақырыпқа сай ел мен жерін қорғаған кешегі өткен батыр бабалар мен екінші дүниежүзілік соғыс ардагерлері, Ауған соғысы мен желтоқсан көтерілісіне қатысып, тәуелсіздігіміздің ірге тасын қалауға үлес қосқан айтулы тұлғалар жайлы тақырыпты тандап, отан үшін от кешкен ерлер жайлы шағын баяндама оқылып, бейнебаян көрсетілді. Алғашқы сөз кезегі Сүйінбай Аронұлы музейінің меңгерушісі Мұрат Қобдалиновқа берілді. Мұрат өз кезегінде «кешегі өткен батырлардың ерлігі мен өрлігін ұрпақтан ұрпаққа жеткізуде ұлы даланы домбыраның үнімен күмбірлеткен Сүйінбай сынды аталарымыздың ерлігі ерекше. Сүйінбай мен Жамбыл, Үмбетәлі жырларынан біз жастарға рух беретін жалынды жырларды көптеп кездестіреміз» дей келе биылғы Жамбыл атамыздың 175 жылдығына орай осы музейге Жәкеннің ұлы ұстазы Сүйінбай мен шәкірті Үмбетәлі музейінен арнайы келіп отырғандарын айтып, Сүйінбай музейінің қорынан әкелінген көрмемен таныстырып шықты.



(Жалғасы 2-бетте)

(Басы 1-бетте)

КИЕЛІ ЖАРКЕНТ ЖЕРІНДЕ



Келесі кезекте жиынға қатысып отырған Жаркенттік ауған соғысы ардагерлері Жамбыл ауданынан келіп арнайы көрме өткізіп отырған Сүйінбай, Үмбетәлі музейінің меңгерушілеріне алғыстарын білдірді. Сөз орайы келгенде айта кететіндігі Жамбыл ауданындағы әр түрлі патриоттық тақырыптарда өткізіліп жататын шараларға аудандық Ауған соғысы ардагерлерінің төрағасы Жақыпбеков Бақыт Серікбайұлы бастаған Ауған соғысы ардагерлерінің де сіңіріп жатқан еңбектері айтарлықтай. Осы жолы бізбен бірге Жаркентке Жамбыл ауданының Ауған соғысы ардагері Рысмендиев Жұмабай да арнайы барып, іс-шараға қатысып, «Жауынгерлік даңқ» музейіне ауған ардагерлері атынан марапат тапсырып қайтты. Өйткені менің жеке суреттерімнің қорында батырлар мен екінші дүниежүзілік соғыс ардагерлері және Ауған ардагерлері

тақырыбында жазылған картиналар бар еді. Осы жиында Ауған соғысы ардагерлері атынан «Батыр шапағаты» медалі «Жауынгерлік даңқ» музейінің меңгерушісі Ибрайымжанов Қалиға, экскурсия жүргізуші Оңғарбай Гүлнұрға табыс етілсе, жастарға патриоттық тәрбие беруде сіңірген еңбегі үшін ұлағатты ұстаз Рысбаев Ғалымжанға «Отан патриоты» медалі табыс етілді. Мәдени шараның көркін Жаркент қалалық мәдениет үйінің директоры Байжұмаева Бақытгүл, осы мекеменің әншілері Батырғалиев Еркебұлан, Сембек Аружан патриоттық нақыштағы әндермен кіргізді.

Жиынның екінші бөлімі осы шараға арнайы келген Ү.Кәрібаев музейінің меңгерушісі, ҚР үздік өлкетанушысы, ҚР Суретшілер одағының мүшесі Әуелбек Искаковтың ерлік пен батырлық тақырыбына

жазылған картиналар көрмесімен жалғасты. Көрмеге суретшінің Қарасай, Наурызбай батырлардан бастап соғыс ардагерлеріне арналған және Ауған соғысы тақырыбына жазылған туындылары қойылған. Арасында тәуелсіздіктің 30 жылдығына арналған картиналары да бар. Көрермендерге Ә.Искаков ақындар мен батырлар елі Жамбыл ауданының сәлемін жеткізе отырып, өзі жазған туындыларына тартымды экскурсия жүргізді. Сонынан «Жауынгерлік даңқ» музейіне соғыс тақырыбындағы салынған бір картинасы мен Ү.Кәрібаевтың екі томдық кітабын және өзінің соғыс тақырыбына жазылған «Әке жайлы әңгіме» атты кітабын сыйға тартты.

Ауған соғысы ардагері Рысмендиев Жұмабайға, Ү.Кәрібаев музейінің меңгерушісі Искаков Әуелбекке алғыс айтып, Жетісу өлкесінің тарихы жайлы және Жаркент өңірінен Ауған соғысына қатысқан ардагерлер жайлы кітаптарды сыйға тартты. Бір күнге созылған Жамбыл ауданынан бастау алып жазиралы Жаркентте аяқталған іс-шара өте тартымды өтіп, шараға қатысушылар алғыс айтып тарасты. Суретші әрі ақын ретінде мен де осы бір рухани шарадан әдемі әсер алып қайттым. Әсіресе Жаркенттік бүлдіршін оқушылардың менің Өбілхан Қастеевке арнап жазған поэмалардан үзінділер оқығанда ерекше толқыдым десем де болады. Осы шараны




Жиын соңында «Жауынгерлік даңқ» музейінің меңгерушісі Қали Ибрайымжанов Жамбыл ауданынан әдейі келіп осы шараның жақсы өтуіне үлес қосып отырған Жамбыл аудандық

ұйымдастырушыларға шын жүректен алғыс айтқым келеді.

Әуелбек ИСКАКОВ,
Ү.Кәрібаев музейінің меңгерушісі.

АЛАШ ЖӘНЕ ТАҢЖАРЫҚ



Алаш – жалпы қазақ халқының ұлт болып қалыптасуының және ұлттық құндылықты негіз еткен, Қазақ даласын бірлікке келтіріп, дербес ел құрудың біртұтас идеясы. Жарқын болашақтың кепілі. Алаш бір күнде немесе бір жылда құрылған жалаң формалдық идеяның нәтижесі емес, қайта сан ғасырғы, ата-бабамыздың ұлт үшін төккен қан мен терінің бодауына келген күрестерінің, ғылыми тұрғыдан жинақталған, ұлттық бағдар.

Бұл жиырмасыншы ғасырдың басындағы Әлихан Бөкейхандар уәкілдік еткен, Алаш зиялыларының күрескерлік рухының жемісі. Міне осы Алаш зиялыларының көрнекті уәкілінің бірі, ҚХР Шыңжаң (Шығыс Түркістан) аумағына қарасты, Күнес ауданында 1903 жылы дүниеге келген атақты күрескер ақын Таңжарық Жолдыұлы еді. Таңжарық өз ауылы Шапқыдағы Сады мектебінде 1913 жылы Мыңбай деген мұғалімнен сауатын ашқан. 1916 – 1918 жылы Әбдімәжіт деген оқымысты татардан оқып, білімін шыңдаған. 1919 жылы Іленің Күре деген жерінде ашылған Шүе Таң (Қолжы) мектебіне оқуға түсіп, қытай тілі, қазақ әдебиеті, тарих, география пәндерін арнаулы оқыған.

Таңжарық ақын 1923 жылы Қазақстанға өтіп, Кеген, Нарынқол аудандарында үш жыл оқып саяси

сауатын артыра түседі. Алаштың ардагерлері Абай Құнанбайұлы, Мұхтар Әуезов, Ахмет Байтұрсынов, Мыржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев қатарлы қазақтың классиктерінің шығармаларынан сусындап, бойына Алаш идеясын сіңіргені үшін 1925 жылы елге қайтып оралғаннан кейін он айға жуық түрмеге қамалады. Кейін ел ағаларының көмегімен түрмеден босатылады. Алайда әділетсіздікке жаны қас Таңжарық өз шығармалары арқылы халықтың мұңын мұңдап, жоғын жоқтауды бір сәтте тоқтатпайды. Түрмеден шыққаннан кейін Іленің әскери мәнсаптысы Мақсұт оны хатшылыққа алады. 1935 жылдың наурыз айында Іле аймағының орталығы Құлжа қаласында «Іле аймақтық Қазақ – Қырғыз мәдениет ағарту ұйымы» құрылып, Мақсұт осы ұйымның басшысы болып, Таңжарықты мәдениет-ағарту жұмысына жауапты етеді. Таңжарық 1935 – 1940 жылдары «Іле Шыңжаң» газетінің орынбасар бастығы, бас редакторы болады. Міне содан бастап Таңжарық Алаш идеясын кең көлемде үгіттегені үшін қайта түрмеге жабады. Содан 6 жыл 5 ай түрмеде отырып, ауыр азаппен 1946 жылы босап шығады. Алайда арада жыл өткенде – 1947 жылы түрме зардабынан қайтыс болады.

Таңжарық қазақ елінің бостандығы үшін, ұрпақтың болашағы үшін Ахмет Байтұрсыновтар секілді халықтың ұлттық рухын көтеретін қыруар шығармалар жазып қалдырды. Қытай жеріндегі ұлттық дербестіктің алғашқы көш басшысы болады. Сондықтан алашты зерттеу үшін осындай Алаш идеясының нақты уәкілдерінің ұлттық болмысын түсінуіміз керек.

Бибігүл ҚАСЕНОВА,
Алмалы ауылы.

ӘЛЕМДІК МҰРА БОЛҒАН КЕСЕНЕ

Қазіргі компьютерлік технологиялар жаһандық үдерістер ғасырында мәдени мұраны сақтау әрбір халық үшін маңызды. Қазақстанның тарихи-мәдени және сәулет ескерткіштерін қалпына келтіруді, ұлттық әдебиет пен жазудағы көпжылғы тәжірибені біріктіруді зерттеудегі бірыңғай жүйе қалыптастыруға бағытталған «Мәдени мұра» бағдарламасы 2004 жылдан бастап іске кірісті. Елімізде 25 мыңнан астам ескерткіш, 2 миллионнан астам құнды мәдени заттар табылған. Бүкіл әлемдік ЮНЕСКО-ның тізіміне Қожа Ахмет Яссауи мавзолейі де енді.

Ахмет Яссауи кесенесі тарихы тереңде жатқан Яссы шаһарында – қазіргі Түркістан қаласында бой көтерген. Кесене ортағасырлық сәулет өнері ескерткіші қатарына жатады. 1396-1399 жылдары Әмір Темірдің бұйрығымен Қожа Ахмет Яссауидің қабірінің басына тұрғызылған. Кесененің ені – 46,5 м, ұзындығы – 65 м. Күйдірілген шаршы кірпіштен өрілген. Ескерткіште күмбезді, аркалы элементтер мол. Сәулетші шеберлер тек аркалы күмбезді жүйенің өзіне сан түрлі әдістерді қолданған. Ғимараттың биіктігі 37 м, ал сыртқы қабырғаларының қалыңдығы – 1,8-2 м, 36 бөлмеден тұрады.

Қожа Ахмет Яссауи кесенесі мешіт, медресе қызметін де атқарған. Қоладан соғылып, алтын, күміс жалатылған есік тұтқалары мен алты шырағдан да сәулет өнерінің інжу-маржандарының қатарына жатады. Бүкіл құрылыстың мағыналы кіндігі – қабірхана ортасында Қожа Ахмет Яссауиге құлпытас қойылған. Қабірхана есігі жұқа темірмен қапталып, оған алтынмен жазулар түсірілген. Кесене мешітінің 16 терезесі, қос қабат күмбезі бар.

Кесененің оңтүстік – батыс жағындағы Аллаға құлшылық етуге арналған жер асты ғибадатханалары Яссауидің тірі кезінде жасалып, кейін қайта жаңғыртылған. XVI ғасырдан кесенеді және оның төңірегінде қазақ халқының хандары, билері, батырлары, атақты адамдары жерлене бастады.

2003 жылы Парижде өткен ЮНЕСКО-ның 27-ші сессиясында Қожа Ахмет Яссауи кесенесі дүниежүзілік мәдени мұралар тізіміне енгізілді. Шамамен он бес жыл жүргізілген құрылыстан кейін Яссауи кесенесі мінәжат орнына айналды. VI-VIII ғасыр бойы сақталып келе жатқан кесене тек Қазақстанның ғана емес, ислам өркениетінің керемет тарихи орындарының қатарынан саналады.

А. ШАКИБЕВА,
Лесновка ауылы.

ПАТРИОТИЗМ ҰҒЫМЫ ЖАЙЛЫ НЕ БІЛЕМІЗ?

Патриотизм – отаншылдық, отан-сүйгіштік деген ұғымды білдіретіні белгілі. Дегенмен, бүгінде «патриоттың» деген адамның сөзі мен ісі сай келмейтін жайттар көп кездеседі. Осы сөздің түп негізі қандай ұғымды білдіретінін зерделеп қарастырсақ...

Мектеп қабырғасында баршамыз «Мен өз елімнің патриотымын» деген тақырыпта шығарма жазатынбыз. Балаң шақта кез-келген бала еліне, жеріне деген махаббаты мен сүйіспеншілігін, өз елін дамыту жолындағы асау армандарын ерекше мақтанышпен сипаттай жазды. Ал, жасөспірім шақта өзге елге шығу жайында армандай бастайды. Олай болса осы екі шақта «патриотизм» сөзін ұғынуы екі басқа болуы мүмкін бе деген сауал туады. Әлеуметтік зерттеу барысында мынадай нәтижеге қол жеткіздік...

12-15 жас аралығы – елін, жерін қорғау. 15-17 жас аралығы – елін мақтан ету, мақтан еткені үшін қуана білу. Еліміздің қуанышын сезіне білу.

18-22 жас аралығы – «Патриотизм» отбасында сүйенді басталады. Еліңді дамыту үшін қосқан әрбір кішігірім амалыңның өзі патриотизм.

30-35 жас аралығы – «Патриотизм» алдымен өз отбасын құрметтейтін адам.

Қазағым деп соғып тұрған жүрегі болса, осы елдің жоғын жоқтаса сол нағыз патриот адам. Баланы жастайынан осы сезімге баулу біздің негізгі міндеттеріміздің бірі болып табылады.

Байқап отырғандарыңыздай ҚР азаматтарының «патриотизм» сөзін жас ерекшеліктеріне қарай ұғынуы да алуан түрлі. Жалпы «Патриотизм» сөзі грек тілінен аударғанда «отан», «атамекен» деген ұғымды білдіреді. Балаң жастық шақта «патриотизм» сөзін елін, жерін қорғаумен байланыстырады. Орта шақта кішігірім әрекеттің өзін «патриотизмге» байлайды.

«Отан – өткенімізді танып, бағалай білу, ең әуелі, өзімізді қадірлей білу» деп Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, «патриот болу» өткен тарихымызды құрметтеу, бүгінгі барымызды бағалай білу, болашаққа үлкен үмітпен қарау екенін аңғарамыз.

Қорыта келе, «патриот» сөзінің түп тамыры тереңде жатқанын байқаймыз. Осы сөзді әр адам әр қырынан түсініп, ұғынуы мүмкін. Бірақ ең негізгі ұғымы отан үшін өткенімізді бағалап, болашағымызға үлкен мақсат қоя білуімізде екені шүбәсіз.

Гульзира РАЕВА,
Пенжім ауылы.

ШЕГІРЕК ШЕЖІРЕСІНЕН БІР ҮЗІК СЫР..

Шілденің шіліңгір ыстығы қайтқанымен, айналаны кешкі жалынның шарпып тұрған сәтінде ұялы телефоным әндете жөнелді. Еңбекші ауылындағы Айдар балдызым екен. Амандық-саулық сұрастық. Қысқаша айтқанда:

– Жездеке, өткендегі Мамырхан батыр туралы біраз айтарым бар деген қайын атам үйге келіп еді. Уақытыңыз бар ма?

Көп ойланарға уақыт жоқ:

– Әрине!.. Ойпырау ол дегенің.., – деп мен де жеделдетіп жатырмын.

Көп уақыт өтпей-ақ Мамырхан ағаның баласы Бауыржан екеуі ақ Жигулимен жетіп келді. Бардық. Ақ сарайдай зәулім үй, есік алдындағы арқамен жапқан шайханасының өзі бір үйдің орнын алғандай. Үйден басында ақ шляпасы бар, сұңғақ бойлы, ат жақты қариямыз шықты. Біз де үлкен кісіні күттірмей қолымызды ала жүгіріп амандастық. Дастархан жайылып, қазы-қартасы бүрқыран ет те келді. Өңгімеміз жарасып, Суан тайпасының ішіндегі бір атасы Шегіректің ұрпақтары туралы 93 жастағы Қалқаман Әбілұлы ағамыздың шежіре-әңгімесіне ден қойдық..

«Суан тайпасының бір бұтағы Шегіректің әкесі Аба, бірақ әкесінің аты шықпай қалған. Шегірек жас кезінде жауға кетіп қайтып оралмайды. Одан бір бала – Итей, тағы бір ата бар – Зауза аталатын, оның анығын біздер біле бермейді екенбіз. Кейбір деректерде оны «Итейдің досы еді» деген ел аузындағы мәліметтер әлі де бар. Оны күндердің күнінде Шегіректің аталас ағайындары Қараменде, Қарабек, Әбсүгірдің еректері жиылып: «Бұл Шегіректің жесір қалған әйелін алатын болды» деп өлтірмек болғанда біліп қалып, мамаштағы жайдақ атқа міне салып, екі жүйрікті жетекке алып қашады. Оның артынан Итей бірге шығып:

– Сіз қайда барсаңыз, мен де сонда барамын, – деп бірге кетеді.

– Шешен қалды, қайт балам, – деген Заузаның айтқанына көнбей қояды. Амалы таусылған Зауза орта жолда баланы құшақтап тұрып жылайды да:

– Сен үшін өлсем, қаным ақ, – деп қайта оралады.

Қыс мезгілі екен. Үйдің орны мен маңындағы ірі қараның, қойдың орнын қардан тазалап жатқан анасы баласына еріп келген Заузаға қаратып,

– Неге келдің, бұл не жүріс?, – дегенді айтып жақтырмаған сыңай танытқанда бала Итей, ызбарлана қараған күйде:

– Шеше, аузыңды жап, – деп анасын райынан қайтарып тоқтатады.

Үшеулеп қар тазалап болғаннан кейін, анасы баласын шетке шығарып:

– Неге маған ауыр сөз айттың балам?, – дегенде:

– Ой, анашым екі бәйге атты байлап алып қашты, артынан мен де қалмадым. Үйден 5-6 шақырым ұзаған соң тоқтап маған, «қайт» деді, мен қалмай қойдым, жыладым. Маған қосылып Зауза да жылады. Содан екеуіміз қайтып келдік, – дейді.

Өрмен қарай өмір шіркін өз арнасымен ағып, бір үйлі жан болып жарасып тұрып жатады. Итей ержетеді, әкеден қалған мың жылқы бар. Зауза мен шешесі таңдап жүріп құда түсіп Итейді үйлендіреді. Итейден – Өтебай, Шағырай, Қойлыбай үш бала қалған. Және осы Шегірек руында «Атаң ауылы» деген тағы бір ата тарайды, олар шамасы сырттан келіп қосылған сынайлы. Бұл атаның ұрпақтары көбіне Әулиеағаш ауылында тұрады. Кейбір деректерде «Оңтүстіктен келген Бағыс Суандардың ұрпағы еді» деп те айтылады.

Шегірені әрі қарай тарқатар болсақ, Қойлыбайдан – Кейкі, одан кейінгісі – Табай, Тасубай, Асубай, Кешубай (*бәйбішеден туған*), Жамансары.

Жамансарының Құлмерген деген ұлы гипноз-сықыршы, көз байлағыштығымен ерекше қасиетті болған. Оның сықырының тамашасын көрген ауылдастары мен Жаркент өңірінің үлкендері кейінгі ұрпаққа әлі күнге дейін аңыз етіп айтады. Мәселен, Қорғастың арғы бетінде жүргенде ұйғырлармен ақша тігіп асық ойнайтын, жалпы құмар ойынды көп ойнаған дейді. Ойын әбден қызып, ортаға көп ақша жиналғанда қолындағы төрт асықтың сақаларын шиырып атқанда, барлық сақа «алшы» тұрады екен. Және бірде ұйғырдың атакты құмар ойыншысының бар ақшасын, дүние мүлкін бала-шағасына дейін ұтып



алады. Құмар ойын жаман ғой, әбден ұтылып маскара болған әлгі ұйғыр ыза болғаны сонша өзінің бір құлағын кесіп:

– Дәдем!, – деп ортаға лақтырады.

Құлекең кесілген құлақты да ұтып алады. Шарасы таусылған әлгі ұйғыр кемсендеген қалпы «Өлдім!» деп, тізерлеп отыра кеткен екен. Содан, жаны ашыған Құлмерген оның үй-жай, дүние-мүлік, бала-шағасын қайтарып беріп:

– Енді ешқашан құмар ойнама!, – деп ескерту жасап кетеді.

Сөйтіп, өзі тұратын аймақтағы құмар ойыншылардың небір шеберлерінің бар теңгелерін ұтып алып құры қайтаратын болған. Содан ыза болған сол маңайдың құмар ойыншылары Құлмергенді жабылып өлтірмек болады да, өтірік жала жауып төбелес шығарып 5-6-уы бірдей жабылады. Көптің аты көп, Құлмергенге қашуға тура келеді. Құлекең өзі қапсағай денелі дәу кісі болған екен, қуып жеткен құмарпаздарды қолына ұстап алған етігінің өкшесімен ұрып талдырып кете берген.

Алыс-жақындағы құмар ойыншылардың бәрі Құлмергеннің аты аталса болды «Құлмерген өлмей бізге жақсылық жоқ» деп зар жылайтын деп қариялар бастарын шайқап еске алушы еді жарықтықты», – дейді ағамыз өткенді есіне алып.

«Және Құлмергеннің тағы бір ерекше қасиеті – жаурынға қарап бал ашқан, айтқаны айнымай келіп отырған, тағы да көптеген түрлі сықыр ойындар көрсеткен. Ол кісіні осынау құмар ойыннан қазақ, ұйғыр, дүңген, сібе-соланнан ешкім ұта алмағандығы туралы аңыз да тараған.

Тағы бірде 5-6 адамды жинап алып:

– Міне қолымда қойдың басы, осы басты ұстаған күйі алдымда тұрған аттың аузынан кіріп, артынан шығып кетемін, – деп біршама ақшаға бәс тігіп, отырғандардың көзін байлап қойып кезекті ойынын жасап жатады.

Содан, арғы бетте ат арбаға шөп тиіп алған бір адам келіп, анау отырғандарға қарап таңырқап, қастарына жақындайды:

– Оу, жігіттер неге отырсындар?, – дейді.

Олар болса:

– Құлмерген қолында қойдың басы бар, мына аттың аузына кіріп кетіп еді соны күтіп отырмыз, – дейді шуласып.

Жаңағы жолаушы:

– Қайдағы аттың аузы, әне аттың алдында бас мүжіп отыр ғой, – дейді.

Сол-ақ екен, арбадағы шөбі лап етіп өргеніп, екі атты арбадан әрең шешіп үлгереді. Содан ат аман қалып, лезде қас пен көздің арасында арба мен шөбі түгі қалмай жанып кетеді. Зәре-құты қалмаған әлгі жолаушы тағы бір оқыс жағдайға ұшырып қалам ба деген оймен дереу Құлмергеннен кешірім сұрап, қайта-қайта құлдық ұрып, алды-артына қарамай келген жағына қарай зытқан көрінеді.

Аржақта Чинчакөзідан ағып шығатын Даржы деген өзен бар, жолай Талкының суы мен Қарасу қосылып сарқырап аққан бойда барып Ілеге құяды. Бір топ базардың алаяқтары:

– Қайтсек бұның көзін жоямыз?, – деп ақылдаса келе базарлап келген Құлмергенді сақшыларға (*милиция*) сыртынан ұры деп көрсетіп жібереді. Бас салып тұтқындамақ болған сақшылырдан сытылып шыққан Құлекең тоқтамаған қалыпта бір бума қамыс арқалы өзеннің Ілеге құяр сағасындағы қарсы бетке өтіп кетеді. Сонынан қуып келе жатқан сақшылар аттары құмға малтығып жүре алмайды, су ішіндегілері жағалау толған құм, бұта, ағаш жоқ қармайтын, содан біршамасы суға кетеді. Осы бір шулы оқиғадан кейін бұл өңірден қайтып ешкім Құлмергенге қарсы келуге немесе сонынан қууға тағы басқалай қастық жасауға жүрекері дауаламайтын болған екен. Бірақ, ол кісі де бойындағы осынау керемет қасиетті бас пайдасына, біреуге өшпенділікке қарсы еш пайдаланбай-ақ адал еңбекпен тіршілік жасап өмірден өткені кейінгілердің көбіне үлгі болған сыңайлы.

Бір қызығы кейін Құлмерген қайтыс болғанда әлгі ұйғыр келіп, Құлекеңнің – Нұрмұқа, Дәрменбек, Нұрманбек тағы басқа балаларына:

– Мен Құлмергенге осы өмір сүріп жүргенім үшін қарыздар едім, сіздер рұқсат берсеңіздер мына қазаның бар шығынын өз мойныма алып жерлейін, – депті.

Сөйтіп, Лаусөгүн маңайындағы Қарат мазарына жерлікті өзі ұйымдастырып, басы-қасында жүрген екен. Міне, сол кезең адамдарының «Аманатқа қиянат жүрмейді» деген қағиданы берік ұстанған адамгершілік қасиеттеріне таң қалмасқа шарамыз жоқ.

Енді, әрі қарай айтар болсам, осы Шегірек руының ұрпақтарының ішінде тағы атағы шығып, ел билеген – өзі батыр, адуынды, айбарлы Торғай деген ағамыз болған. Ол өзі Қойлыбайдың үшінші баласы Тасубайдан тарайды. Ғұмыр кешкен уақыты шамамен XIX ғасырдың аяғы, XX ғасырдың бас кезі. Төрт әйелінің үлкенінен – Тұрғанбек, Әліпбек, екінші әйелінен – Найманхан, Нұрғали, Әбіл. Үшінші әйелінен – Шәліпбай, Молда, ал, төртінші әйелінен – Әбіләж. Осы Әбіләж қалмақтың Қара Бұқа деген палуанын жеңген, әкесіне тартқан өте қайратты адам болыпты.

Ләусөгүн деген жерде қалмақтар Қара Бұқа деген дәу палуанын кең алаңқайдың төріне отырғызып қояды. Екі жағында екі адам қолына байланған арқаннан ұстаған, Қара Бұқа арқанды шиырып тартқанда әлгі екеуі қаңбаққа ұқсап қалбалақ қағады. Ортаға жаршы шығып:

– Шығындар, Қазақтар! Кімнің бар?, – деп айғай салады.

Ел біткен жым-жырт, ортаға шығуға ешкімнің жүрегі дауламайды. Ортада үйдей

болып Қара Бұқа тұр. Сонда қазақтар жағынан намысқа шыдамаған бір ақсақал қолындағы таяғын көкке көтеріп:

– Әй, Әбіләж, кел ортаға, әкең Торғайдың әруағы үшін анау қалмақпен күрес!, – дейді де, қолын жайып батасын береді.

Бет сипап болғасын:

– Қорықпа балам, бір уыс топырақ ал да бетіне шашып жібер, ол есін жиғанша іштен шалып бұрқ еткіз, – деп ақылын айтады.

Арқаланып ортаға шыққан Әбіләж тура ақсақалдың айтқанын істеп, жерге алып ұрады да, басынан аттап кетеді. Сөйтіп, Қара Бұқа палуан маскара болып жеңіледі.

– Барды аузына тосып, «Қара Бұқа» деп ат беріп әспеттегенімізді қайтейік, кіп-кішкентай қазақтан жеңілдің, – деп ашуланған бар қалмақ ыза болғаннан әлгі жерде өз палуандарын жабылып сабайды.

Жалпы, Әбіләж орта бойлы ғана төртпақ келген, қара күштің иесі, атакты көкпаршы болған. Оның тақымындағы көкпарды ешкім ала алмайды екен, ал, ол біреудің тақымындағы көкпарды бар күшімен тартар болса атымен қосып аударып, жұлып алатын алапат қайратымен талайды тәтті еткен. Кішкене күнімде Әбіләж ағамның қисық-қисық саусақтарын қарап:

– Ата, қолдарың неге қисық?, – деп талай сұрадым. Сонда, атам кеңкілдеп күліп алады да:

– Ой, балам, көкпар тартқанда буындарым шығып кеткен ғой, – дегенді айтып түк болмағандай жайбарақат отыра беретін, сабаз адам еді.

Қалай дегенмен де Торғай ағамыздың бойында болған бұла күш, осы Әбіләж ағамызға дарығандығын ауыл-аймақ даусыз мойындайтын.

Енді өзім жайлы айтар болсам, әкем Әділ Кемелбайұлы қарамендеден шыққан Ығиса Сейітов екеуі мұғалім болып, бала оқытқан. Әкем Қазаннан діни медресе бітіріп қари атанған кісі. Латынша да сауатты болған, оған дәлел мына өзіміздің Әулиеағашта 1929-1930 жылдары Ығиса екеуі де ұстаз болып балаларды білім нәрімен сусындатқан», – дегенді айтып ағамыз сәл тыныстағаны сол еді, бағанадан бері біздің сөзімізді мұқият тыңдап отырған күйеу баласы Айдар сөзге араласып, біраз түзетулер енгізіп жіберді:

– Бұл ағамыз біздің Жаркент жері жайында жақсы білмейді. Себебі, Қытайдан келгені бері Талдықорғанның Алғабасы жақта тұрады. Ал, ол кісілердің 1929-1930 жылдары бала оқытқан жері Әулиеағаш емес, Қитің мектебі. Сол Қитіңнің жоғары жағында «Төбесі түскен күмбез» деген бейіт бар, ол бейіт бұл кісілердің арғы аталары Өмір ағамыздың кесенесі. Және Сіргелі бай деген бар жоғарыда, Тұрғанбектің үйінің жанында, міне сол маңайдан Бурақжырдың суынан тауға қарай бағанағы айтып өткендей ағаштан астау жасап су шығарған.

«Ел аузында осы күнге дейін айтылып жүретін «Шегіректің арығы» дегеніміз сол. Су шыққаннан кейін ағамыз Кемелбай қаладан ұста ұйғырларды алғызып жаңағы Өмір ағамыздың күмбезін салдыртқан және де ағайындарының егіншілікпен айналысуына жағдай жасаған.

Біздер сол большевиктердің қысымына шыдамай 1929 жылы наурыз айында әкем Әділ, шешем мен бауырым төртеуіміз амалсыз шекара асып кете бардық. Әкесі Кемелбай бүкіл Шегірек руының мал-жаны, егіншілік жағдайы болсын бәрін реттеп отыратын адуынды, айдынды кісі болыпты. Және де бір ескере кететін жағдай, Суанның ішінде Әбсүгір, Қараменде, Қарабек рулары адам саны жағынан Шегіректерден әлдеқайда көп. Себебі, Шегірек жауға кетіп қайтып оралмаған, ал, Итей сонда ашамайдағы бала еді. Әрине, ол ержеткенше Суанның басқа аталары 1-2 ұрпақ алға озып кетті емес пе?... Сол үшін де Суан ішіндегі Шегірек атаның ұрпағы аз болып келеді», – деп ағамыз сөзін аяқтады.

Сағатымызға қарадық, түн жарымнан ауып кетіпті. Айдар балдыздан басқасының бәрі ұйқыға кетіпті. Ағамызбен жылы қоштасып, батасын алып үйге қайттық..

(Жалғасы бар)

Сұхбатты жазып алған
Қали ИБРАЙЫМЖАНОВ,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі,
Жаркент қаласы.

(Басы 1-бетте)

ШЫҢҒЫС ХАН ҚҰРҒАН

Мен «Орыс моңғол қағынастарының тарихы жайындағы құжаттар» деген төрт томдықты қарап шықтым. Жер бетінде ойраттар мен халхалардың бар екенін орыстар қазақтың Көшім ханы бйілеп отырған Сібір хандығын басып алған соң ғана біле бастапты. Көшімнің үш баласы қалмақтармен бірге күн кешіп кетіпті. Ал Есім атты бір ұлы әйгілі Батыр қонтайшымен біраз уақыт бажа да болыпты. Орыстардың ол кезде қазақтар жайындағы мәліметі де мардымсыз екен, олар Есім ханның ұлы Жәңгірді бір құжатта Жәнібек деп шатастырыпты. (2-том, 419-бет). Ондағы құжаттарға қарап отырсаң, орыстардың моңғол деп отырған халқы түгелдей қалмақ болып шығады. Алғашқы жазба дерек 1607 – жылдан басталады. Томның алғашқысы 1959 – жылы шыға бастапты. Қалмақтар «қара» және «құба» (белый) болып бөлінетінін орыстар сол кезде білген (1 – том, 33 – бет).

1619 – жылғы бір құжатта: «А по другую сторону Черных Мугалов живут Желтые Мугалы», – делінген (1 – том, 83 – бет). Бұл, әрине, «моңғол», «моғол» сөзінің өзгеше айтылып кеткен бір түрі. Тағы бір құжатта: «Олар Қырғыз жерін басып өтіп, Алтын хан (Алтан царь) бйілейтін Мұғал мемлекетіне (мугальское государство) барды», – делінген (сонда, 88 – бет). Төрт томның бәрінде де осылай. «Мұғал» деп отырғаны – халха, Алтын хан деп отырғаны – халханың қонтайшысы. Халханың сегізінші Алтын ханын Батыр қонтайшының баласы Сенге тұтқындап, әйтеуір, бірнеше жылдан соң аман босанып шығады. Халхадан өзге де өздерін «мұғал» деушілер болыпты. Мысалы, Сенге « в 1667 году имел войну с мугальским ханом Лоозаном» десе (1 – том, 302 – бет), Лоозаны – халханың қонтайшысы. Тағы бір жерде Галдам « в том же году ходил в поход на халхов и мугалов» дейді (сонда, 303 – бет). Олардың неге «мұғал» немесе «моңғол» атануға күштар болғанын Рәшит әд – Дін шығармасынан аңғаруға болады. Бұрын, татарлар күшті болып тұрған кезде, түріктер өздерін «татарлар» деп атаса, (халхалар ешқашан татар аталмаған – Б. Н.) сол сыйақты, қазір түріктердің басым бөлігі өздерін моңғол деп атапты. «Подобно большую часть Турков называют Монголами» (1 – бөлімі, 9 – бет).

Мұны Қадырғалый бабамыз да анықтап жазған: «Оларды, йағный осынау қалың түркіні моғол деп атады, өйткені мұнан ілгері татар жеңіп бағындырған жұрттың бәрін татар деп атап еді» («Армысың, әз баба!»Талдықорған, 2008 – жыл, 13 – бет, құрастырған – Наурыз Қылышбаев, қазіргіше қазақшалағандар: Н. Мингулов, Б. Көмеков, С. Өтенизов).

Өзі түрік халқына жатпаса да, халхалардың Алтын ханы да өздерін «мұғал», «моңғол», Шыңғыс хан мемлекетінің халқымыз деп, ал өзін Қытайдың басшысынан кем санамай, Алтын хан деп дәріптеуге тырысқан. Бұл күнде қазақ халқының құрамында өмір сүріп жатқан жалайыр, найман, керей, қоңырат тайпалары мен меркіт руы да өздерін «моғол», «моңғол», «татар-моңғол» деп дәріптеген. Күйік қаған мен Мөңке қағанның тұсында Шыңғыс қағанның еліне келген еуропалық Карпини мен Рубрук тек татар мен өздерін «моал» деп айтатын түріктерді ғана көріп қайтқан. Халхалар 1969 – жылғы санақ бойынша бір мийліонға сәл жақындаған. Ал жеті жүз жыл бұрын канша болғанын бір құдай біледі, ол кезде олардың аты да аталмайды. Ондай халықтың державаға іе болуы ертегінің өзінде де айтылмайды.

Біреу «моғол», біреу «моңғол» деп жүрген түрік тайпалары XV– ғасырда қазақ хандығы құрылғаннан кейін өздерін «қазақ» деп атаған да, моңғол (моғол) аты бірте-бірте ұмытылған. Шындығында, біреудің «моңғол», біреудің «моғол» деп отырғаны бір халық екенін мынадан да байқауға болады: Рәшит әд – Дін «Монголия» деп отырған сөз арап кәріпмен жазылғанда «Мкулстан» делініпті (сонда, 1 – бөлім, 2 – бет). Бұл – аудармашы Березиннің кәтелігі. Себебі Монғолия мен Моғолстан



екеуі – екі басқа атау. Шындығында, Рәшит әд – Дін кітабінің еш жерінде «моңғол» сөзі айтылмайды, тек «моғол» деген ғана бар. Ал Березин өмір сүріп отырған заманда «моңғол» сөзі кең тарап кеткен болуы керек. Ал өз халқымыздан шыққан тарихшы Қадырғалый Жалайыры: «Йесуге (Шыңғыс ханның әкесі – Б. Н.) баһадүр моғол қауымында патша болды», – дейді («Армысың, әз баба!» 42 – бет), енді Әбілғазының жазғанына қараңыз: «Есуки баһадүрдың көзі шаһла еді. Моңғолдар шаһланы боржыған дер еді» (Әбілғазы. «Түрік шежіресі» Алматы, 1992 – жыл, 40 – бет).

Көрдініз бе, бір Есугейді біреуі «моғол» десе, біреуі «моңғол» дейді. Осы жағдайды пайдаланған кеңес өкіметі 1924 – жылы Моңғол халық республикасын жарыйалаған да жіберген. Сталиннің түрік халқына деген көзқарасын анықтайтын бұл да бір жағдай.

1937 – жылы Шығыс Түркістандағы ұйғыр халқы көтеріліс жасап, жеңіске жетіп тұрған шақта кеңес өкіметі қырғыз жерінде арнайы жасақ құрып, ұйғыр тәуелсіздігін жүзеге асырмай, ұйғыр көтерілісін басып-жаншды. 1944 – 1949 – жылдар аралығында тағы да жеңіске жетіп тұрған қытайдағы ұйғыр, қазақ, қырғыз халықтарының Үш аймақ көтерілісін кеңес өкіметі тағы да жүзеге асырмай, Үш аймақ басшыларын ұшақ апатына ұшыратты. Сталин халха моңғол халқының көтерілісін қолдап, керісінше татар моңғол халықтарының көтерілісін үнемі тұншықтырып отырған. Шығыс Түркістандағы Оспан батыр көтерілісі де сол сайасаттың құрбаны болғаны белгілі. Қазақстанның астанасын ағаларымыз орысы көп жерден орысы жоқ жерге көшіреміз деп, Орынбордан Қызылордаға көшіріп жатқанда да Сталин мұртынан күліп отыра берді. Өйткені оның көктем сұрағанын құдай жерден берді.

Шыңғыс хан өз мемлекетін қай жерде, қай аралықта құрғанын Рәшит әд – Дін жұмбақтамай, жарыйа жазған. Ол түрік тарихын Оғыз хан дәуірінен бастап, оның хандық құрған мекені қазіргі Қазақстанның оңтүстігі екенін анықтап жазады. Қарахан мен Оғыздың арасында мұсылман дінін қабылдау жолында жетпіс – жетпіс бес жыл бойы соғыс жүргенін, ақырында мұсылман дінін қолдаған Оғыздың жеңіске жеткенін айта келіп, оның Юрсукь (Түркістан облысындағы Йірсүу болуы мүмкін – Б. Н.), Какьян және Қарақорым (бұрынғылардың айтуынша, қазіргі Матай тауы – Б. Н.) деген жерлерді қыстағаны,

ал оның Талас және Қары – Сайрам қалаларының маңайында екенін жазады. Және, көргендердің айтуынша, Қары – Сайрам қаласының өте үлкен екенін, оның ана шетінен мына шетіне жетіу үшін бір күн кететінін де жазады (1 – бөлім, 13 – бет).

Бұл сөздің шын екеніне мен, мәселен, еш күмән келтірмеймін, себебі Түркістан облысындағы Өгіз сайдың Оғыз хан атына қатысы бар, ал сол жердегі Шәуілдір мен Байылдыр мекендері бекерден-бекер Оғыз хан ұрпақтарының атымен аталмаған деп ойлаймын. Аудармада олар «Байалдур» (27 – бет), «Джаулдур» (28 – бет) деп жазылған. Ал бұл өңірде бұрын-соңды халхалар өмір сүрген де емес, сүріуі мүмкін де емес, өйткені олар – түрік халқының ежелден бел ортасы болған атамекен жерлер.

Березин мен Әбілғазы «моңғол», ал Қадырғалый бабамыз «моғол» деп отырған керей, найман, меркіт, жалайыр, қоңырат тайпаларының қазір қай жерде өмір сүріп жатқанын бәріміз де білеміз. Бірақ Шыңғыс хан заманында олардың қай араны мекендегеніне кейбіріміздің көзіміз жете бермейді. Оған да үңіліп көрейік.

Тоғызға толған Теміршынды (Сәкен Сейфуллин бастаған қазақ оқымыстылары, 1776 – жылы жазған кітабінде Қазыбек бек Тауасарұлы оны осылай атайды, мен соның дұрыстығына сенем) әкесі Есугей қыз айттыруға қоңырат еліне алып барады да, қайтар жолында оған татарлар у беріп, ақырында ол содан қайтыс болады. Демек татарлардың мекені қоңырат пен Есугей ауылының ортасында.

«Татар тайпалары қытай бйілеушісі Алтын ханға бағынады», – делінген аудармада (2 – бөлім, 34 – бет).

Кітабінің «Татар елінің байаны» деген тарауында Әбілғазы былай дейді: «Татардың жақсылары және көбірегі Қытайға жақын Биұрнаур деген жерде отыратын еді («Түрік шежіресі», Алматы, 1992 – жыл, 35 – бет). «Биұрнаур» дегені – Бүйірнор немесе Бүйіркөл, ол бүгінде де солай аталады, Шығыс Түркістанда. Керейдің Уан ханы мен Шыңғыс хан, Алтын ханның өтініші бойынша, татарларды шапқанда, Құлжа өзені арқылы (Ұлджа) көтеріледі. «Нарат» деген жерге барады. Ол жер әлі де Нарат аталады, Іле өзенінің («Онон» деп жазылған) бас жағында. Ол кездегі татарлардың мекен – сол ара.

Ал қоңыраттар қайда отырған? «Қоңыраттардың тұрағы Онгудың шетінде, Александр қабырғасы секілді қорғанның қасында, Қытай мен Моңғол

елінің ортасындағы аймақта», – деп жазыпты Рәшит әд – Дін (аударманың 1 – бөлімі, 149 – бет). Енді Онгу қайда дерсіз? Рәшит әд – Дін оны да анықтап, «Халахин Алат пен Онгу қытай қорғанымен шектеседі», – дейді (сонда, 3 – бет). Тарих мұның бәрине мән бермесе, оның несі тарихи? Картаға қараңызшы, Бүйірнор көлі (жері) халха мен Қытайдың ортасында жатқан жоқ, Қытай мен қазіргі Қазақстанның ортасында жатыр. Демек Шыңғыс хан халха моңғол емес, татар моңғол. Ол моңғол – бізбіз, бүгінгі қазақ. Сенбесеніз, Әбілғазы бабамыздың жыйнағына қараңыз! «Моңғол жұртының күн шығысында сегіз су бар еді, оны Сегіз мұрын дер еді. Ойрат елі сол сулардың ортасында отырар еді... Моңғол жұртының шеті – Селенге, оның арғы жағында отыратын торғауыт деп аталады» (сонда, 36 – бет).

Мұны жалпақ тілмен айтсақ, бұрын моңғол аталған меркіт, керей, найман, қоңырат, жалайырлар қазіргі Моңғолия аталған халхалардың батыс жағында отырған, әлі де сол орнында қазақ деген атпен отыр. Ал Селенге өзені қазіргі Моңғолияның күн шығысында емес, күн батысында.

«Моңғол жұртында екі тау бар, – дейді Әбілғазы, – ұзындығы күншығыстан күнбатысқа қарай созылып жатқан ұзын таулар... сол екі таудың арасында моңғол жұртының күнбатысында тағы бір тау бар, оны Құттағ дейді» (сонда, 32 – бет).

Шыңғыс ханның мекені өзі жүріп өткен жолдағы екі таудың ортасында екенін Карпини де жазған. Бұл екі таудың бірі Жоңғар болса, екіншісі Іле Алатауы емес пе? Құттау дегені, әрине, Қаратау.

Солай ма, жоқ па, оны анықтай түсіу үшін, қытайлық дерекке де көңіл аударып көрейік.

Қытай мұрағатында жатқан, әуелгіде «Моңғолдың құпыйа шежіресі», кейін «Моңғолдың қасыетті шежіресі» деп Ресей ғалымдары жалған ат берген шығарманы қытай тілінен орысшаға алғаш аударған – Кафаров («Труды членов Российской духовной миссии в Пекине», том 4, 1866г). Ол шығарманың алғұсызінде: «Бұл шығарманың түп нұсқасы астананың оңтүстіктен солтүстікке көшірген кезде жоғалған. Шығармаға ат қойылмаған», – дейді. Алайда мұрағат қызметкерлері Кафаровты алдаған деп ойлаймын. Себебі, ол шығарманың қолжазбасы жоғалған болса, Тілеуберді Әбентайұлы аударған «Шыңғыс қағанның құзауыры» деген атпен қытайшадан аударылған шығарма қайдан шықты? Мұнда қандай құпыйа бар? Меніңше, біреу-ақ: ол шығарманың аты көне қазақ тілінде болғанына қарағанда, шығарманың өзі де көне қазақ тілінде және арап кәріпмен жазылған.

Сол кездің дәстүрі бойынша, қызы Бөргені ұзатып әкеле жатқан Дай (Тай) шешен оны Урахчуэльге дейін әкеліп салады да, әйелі қызымен бірге кетіп, өзі кейін қайтып кетеді (сонда, 181 – бет).

Кафаровтың Урахчуэль дегенін қазақшалап, «Орақшы ел» болып шықпай ма? Ал Орақты Шыңғыс ханның Андастан бұрынғы бабасы ғой, қазақ шежіресі бойынша. Және ол араның Кері өлең (қазір Терісаккан) бойында екені де айтылады аудармада.

Кафаров дауа ілімінің негізін қалаушы монах Чан – Чун – Цзының Шыңғыс ханға қалай барып жолыққаны жайлы жазылған «Монах Чан – Чунның батысқа сапары» атты жолжазбасында да орысшаға аударыпты. Ол жолжазбаны Чан – Чунның қасында сапарлас болған Ли Чжи Чань атты шәкірті жазған (сонда, 266 – бет). Сапарлас топта жыйырма адам болыпты.

Олар әуелі оңтүстік астанадан солтүстікке қарай жүреді. Содан кейін ұйғыр жеріне жетеді. Ал ол кезде Шыңғыс хан батыс жақта жорықта болатын. Ұйғырлардың қазір де, ол кезде де қытайдың батыс жағында отырғанын білеміз. Чан – Чун: «Мен Шыңғыс ханның елі мен жерін ол жокта басқарып отырған кенже інісі Отчигенге жолығуым керек, оған уәде

МЕМЛЕКЕТ ҚАЙДА?

берге», – дейді де, солай бұрылады. Ал Отчиген деп отырған Теміге ол кезде Керөлен өзенінің бойында отырғыпты. Отчиген деп, отырғаны қазақтың «Отшақа», «Отшаған» сөзі болса керек. Мағынасы «отқа немесе шаңыраққа иіе бала» деген сөзді білдірмек. Біз қазір «бала-шаға» деп жүрміз, баланы жаңа туған кезде «шақа» деген ғой қазақ. Кербұлақ ауданындағы Шаған тауы сол **отшағанның** отырған жеріне дәл келеді.

Чан – Чунның тобын Шыңғыс ханның кенже інісі өзі қарсы алады (сонда, 280 – бет).

Енді ойлап қараңыз, ол топ Отшағанға жолығыу үшін, ұйғыр жерінен қазіргі халхалар отырған жаққа кері бұрылған жоқ, ілгері жүрді. Сонда Шыңғыс ханның ордасы қайда болғаны?

Шыңғыс ханның ордасы Эквиус («Екі өзен» – Екісүу, Көксүу мен Қаратал өзендерінің қосылған жері) және Қайылық (Қайалық) қалаларының маңайында екенін Еуропалық Карпини де, Рубрук та жазып кеткенін ескерсек, бір тоқтамға келетін кезіміз болды-ау деп ойлаймын: Шыңғыс ханның алтын ордасы Қазақстан жерінде болған.

«Шыңғыс хан – қазақ» дегенді бізден бұрынғылар да айтқан. Бірақ қолында бйлігі барлар олардың үнін өшірді, өшіре алмағанын қуудалады, қорқытты. 1952 – жылы Хетагуров аударған Рәшит әд – Дін кітабының алғашқысында «кейбір пантүрікшілер мен панисламшылар оны түрік дегісі келеді» деген үрейлі пікір біздің зыйалы қауымды әрі қорқытты, әрі үнін шығармай келді. Сол отарлық дағдыға бойы үйреніп қалған кейбіреулер ортамызда әлі бар. Әйткенмен Тілеуберді Әбенәйұлы бауырымыздың «Шыңғыс қағанның құзауырын» қытайшадан тікелей қазақшаға аударуы Шыңғыс хан тақырыбына, шын мәнінде, төңкеріс жасады: ол жер аттарын дәл аудару арқылы ұйытпап қалған санамызды қайта сілкіледі. Шыңғыс хан мен Жамұқаның алғаш соғысқан жері Зерен Қашағай, екінші ірет соғысқан жері Күйтең (қазіргі Кійтін), ол соғысқа Шыңғыс ханның Көренлік (Баркөрнеу), ал Уан хан бастаған Керей қолы әлі күнге дейін Керей сай аталатын жерден қарсы шыққаны, Шыңғыстың өз тайпасына хан болған жері Көкнор (Жасыл көл), оның туған жері Теліген Бөлдағ (Екі бөлек тау – Қосқотырмай) мен Шұбардың және Көде аралдың (Аралтөбенің), солардың қасынан ағатын Керөлен (Терісакқан), Жамұқаның хан сайланған жері Алқабулақ (Айнабулақ), оның мекені Сарықыр (Сарөзек), Шыңғыс ханның мекені Бұрқан тауы, тайшыуаттардан қашып тығылған тауы – Түргентау, тоғыз күн тығылған жері – Түргентау; Түрген өзенінен әкеліп, Онанда кісендеп қойған жерінен қашып, өз ауылына келген жері – Бүркей Ірге (Ірге тау); меркіттерден қашып Көренлік арқылы Бұрқантауға барғаны, елін керейлер шапқанда Шыңғыс ханның аң аулап жүрген жері – Түрген мен Сөгеті, керейлермен соғысқан жері – Қарқара мен Келте қада (Сынтас – сынтау), тағы басқа жер-суу аттарының кейбірі түп-тұра, кейбірі сәл өзгерген күйде – бәрінің Алматы облысынан табылуы еріксіз ойлантанды. Кез келген тарих белгілі бір жерде, орында өтеді, сондықтан жер-суу аттары – тарихтың түп қазығы.

Шұбар ауылының Алтынемел жақ бетінде, Нұрғалы Нүсіпжанов ағамыздың туған ауылы Доланалының қасында **Шыңғыс сай** атты сай бар. Ол, меніңше, алжыған әлдебіреудің айта салған аты емес, тарихтың сууырылмай қалған бір шегесі. Осыншама мекеннің бір-бірімен қанаттас, қабырғалас бір өңірде жатыуы бекер ме? Осыны көп ойладым. «Шыңғыс ханның ата-бабасы да, өзі де осы өңірде өмір сүрсе, төрт жүз жыл бойы екі бабасы отбасымен бірге тығылып қалған Ергенекон атты мекен де осы төңірекке болуы керек қой», – деген сұрақ ұзақ уақыт мазамды алды. Ақыры таптым. Әбілғазы бабамыз бен Қадырғалы бабамыз оның біреуі Елханның ұлы – Қыйан, екіншісі Елханның інісінің баласы Нүкүз («Нөкіс» деп жазушылар да бар), екеуі құрдастар еді деп жазады.

Осы дерекке біз онша мән бермей келген сыйақтымыз. Елхан кім, оның інісі кім?

551 – жылы қыс ішінде Жужандарға кенет шабуыл жасап, оны жеңіп, 552 – жылы тұңғыш Түрік қағанатын құрған Булын қаған таққа отырғанда Елхан аталады да, ал оның інісі – Естемі кейін ол да қаған болады. Түрік қағанатын құрған олар түрік болса, сол екеуінің ұрпағынан тараған Шыңғыс хан кім болады? Бұл тіпті даулаусуға ұйалатын ақыяқат емес пе?

Енді Әбілғазы бабамыздың жазғанын оқылық: «... он күн дегенде бір кеште екеуі әйелдерімен қашып шықты. Өздерінің жұртына келіп еді, жаудан қайта қашып келген төрт түлік малдың түр-түрінен де көп мал бар екен. Екеуі кеңесіп: «Егер елге барсақ, елдің бәрі бізге жау; жұртта отырсақ, жүрген-тұрғанның көзіне түспей тұрмаспыз, оданда таудың ішінен жұрттың айағы жетпейтіндей бір жер табайық», – деп шешті. Малдарын айдап, таудың етегіне барды. Бір бйік таудың ішіне кіріп, арқардың салған ізімен таудың үстіне көтерілді. Токтап, айнала қарап көріп еді, өздері келген жолдан басқа жол жоқ екен, келген жолдары өте қыйын, тек түйе мен жылқы әрең өтетін жол еді, егер айағын қата басса, жардан ұшып кететіндей еді. Таудың үстінде үлкен бір жазық жер бар екен, айнала ағып жатқан суулар, жердің шөбі қалың, ағаштарында түрлі-түрлі жеміс-жйідек өсіп тұр, аңдары да көп жер еді. Мұны көргеннен кейін тәңірге шүкіршілік етіп, келген төртеуі қыста малдарының етін жеп, жазда сүтін ішіп, терісін кийім етіп кйді. Ол жерге Еркіне қон деп ат қойды. Еркіненің мағынасы – таудың кемері, қоның мағынасы **өткір** деген болады» (Әбілғазы, «Түрік шежіресі», Алматы, 1992, 28 – бет). «Өткір» дегені, сірә, «тік жар» деген мағынада болса керек.

Басқа тарихшылар ол жерді Ергенекон деп жазады. Тарихтың жазуына, Шыңғыс ханның (Шыңқұз хан) бүкіл әулеті осы екі отбасынан тарайды.

Дәп осы араға мені өткен ғасырдың жетпісінші жылдарының бірінде Жәркент аудандық гәзетінің редакторы Қазалый Сембаев алып барды. Қорғас өзенінің бойында орналасқан «Красный Восток» қалхозы басқармасының орынбасары Әбжәлел деген жігіт, інім Сұлтанбек, Қазалый төртеуімз мәшіһменен батысқа қарай жүріп, Алмалысуу деген сайға келдік те, сонда отырған шопаннан төрт ат мініп, қайтадан шығыс жақтағы тауға қарай өрледік. Жол ортасына келгенде, дәл Әбілғазы бабамыз жазғандай жар үстіне келдік, інім Сұлтанбек қорқаннан атын жетектеп жайау өтті. Сөйтіп Ойжайлау аталатын жерге түнделетіп әрең жеттік. Ертеңгісін жан-жағыма қарасам, бұл жайлау айналасын тау қоршаған дөңгелек жазық жер екен. Шығыс жақ іргесін кемерлеп Қорғас өзені ағады. Ол жақтағы тауды талқандап, қытайлар тасжол салып жатыр екен, біздің мемлекеттің Қорғас өзенінің бойымен салып жатқан жолы, шамасы, бйыыл бітетін болуы керек.

ҚР су шаруашылығының аудандық бөлімінің бастығы Керімқұлов Токтарбай атты ініміздің (1957 – жылы туған) маған берген мәліметі бойынша, Қорғас өзенінің бойындағы Басқұншы ауылынан Ойжайлауға дейін он бес шақырым. Ойжайлаудың көлемі 5100 га. Жалпылай Ойжайлау аталатын өңірде Аршалы, Қарағайлы, Қасқабулақ, Арасан атты жеке-жеке сайлар бар. Бұл араны басқа жұрт тұрмақ, Жәркенттіктердің көбі біле бермейді, өйткені жолы өте қыйын. Мәселен, Қорғас Арасанға баруы үшін, көп жеріне ағаштан баспалдақ жасап жол салған. Әлемдік деңгейде тексеріс жасасақ та, бұл араның ертедегі Ергенекон екенін мойындайтынына сенімдімін. «Ергене» сөзін Березин «барьер» деп аударды. Бұл сөз қазақтың «ергенек» сөзімен мағыналас. Ал «кон» дегеннің қазіргі мағынасы «қоныс» болса керек. Екеуінің де түрік сөзі екеніне ешкім күмән келтіре қоймайды. Бұл – тарихый дәлел, біреуге жапқан жала емес, долбармен айтқан жорамал да емес, жер-суудың өзі айтып тұрған ақыяқат.

Қыйан мен Нүкүз қай жылы жаудан қашқанын дәл баспасқа та, шамалауға

болады. Елхан өлгеннен кейін бір баласы Мұқан қаған болған да, ұзамай қайтыс болады. Жау, сірә, түріктерді сол Мұқан өлгеннен соң шапқан тәрізді. Өйткені екі құрда өз еліне (жұртына) барыудан да қорқады. Ал Шығыс түрік қағанатының астанасы Сұйаб (қазіргі Токпақ) қаласы болғаны белгілі. Оның қазіргі Моңғолиядан гөрі Жәркентке жақын екені әркімге-ақ айан.

Ергенеконға кейін қоныраттар да келген. Өйткені төрт ғасырдан соң ол арадан алдымен қоныраттар шыққаны деректерде айтылады. Шыңғыс ханның өзі мен бүкіл ұрпақтарының қоныраттармен құдандалас болуының басты себебі де осында.

Тағы бір дәлел: Шыңғыс хан заманында осы арада өмір сүрген жалайырлар күні бүгін де осы өңірде өмір сүріп отыр.



Біреу «моғол», біреу «моңғол» деп жазған жалайырлар – осы, жер бетінде басқа жалайыр жоқ. Жалайырлардың ежелден Қаратал (Кері өлен) өзенінің бойында өмір сүргенін «Зафарнаманы» оқыған әр адам-ақ біледі. Ақсақ Темір Моғолстанды он шақты ірет, Қаратал бойындағы жалайырларды да бірнеше ірет шапқан, Жәркенттің желкесіндегі Тышқан аталатын жердегі бір руулы елді түгел қырып, Іле арқылы Өндірі тауына өткен. Ақсақ Темір XIV – ғасырда шапқан Моғол (Жете) жерінде Шарын, Шелек, Ұржар, Айағөз, Ійт ішпестің ала көлі, Қой маңырақ, Ертіс деген жер – сулар болған. Ол жерлер ХХІ – ғасырда да сол орнында тұр. Мұның бәрі – жазба тарих. Біз де, біздің сайасат та жоқ кезде жазылған тарих.

Қазақ хандығы XV – ғасырда осы Елханның екі ұрпағы төрт жүз жыл тығылған Моғолстанға келіп құрылғанын, оның Қазақстан жері екенін, М. Дулатый бабамыздың анықтап жазғанын қай тарихшы білмейді?

Енді өткен тарихымызға оймен қарасақ, осы бір аймақта ежелден өмір сүріп келе жатқан халықтың әуелде **сақ**, онан соң **құн**, біздің дәуірімізге дейінгі 2 – ғасырда бірі – **үйсін**, бірі – **құн**, бірі – **қаңлы** болып үш мемлекет құрғаны, одан кейін **түрік**, Оғыз заманында **ұйғыр**, Шыңғыс ханға дейін **татар**, содан соң **моғол (моңғол)**, ақырында **қазақ** атанғанын көреміз.

Бұл халық тұралы Қадырғалый Жалайыры: «Барлығы Оғыз тұсында мұсылман болды. Кейбір халықтар, ағалар, ағаларының балалары Оғыздан басқа жерде еді. Олар күн шығыс жақты мекен етті. Моғолдардың барлық жыйынтығы солардың нәсілінен (ұрпағы) тарады... Олардың уалайаттары түгелдей Талас, Сайрамнан Бұхараға дейін алды», – деп жазса («Армысың, әз баба!», 19 – бет), Әбілғазы бабамыз одан ары тереңдетіп, «Қыпшақтар Дон, Еділ, Жайық өзендерінің арасында отырап еді», – деп жазған жоқ па? («Түрік шежіресі», 1992 – жыл, 31 – бет).

Олай болса, Шыңғыс хан бұл елдерді басып алған жоқ, бөлек-бөлек бйілік құрып кеткен түрік халқының басын біріктірді. Ол сөйтіп **Шыңғыс хан мемлекетін** құрды. Оны құрған Жомыс да, Батый да, Үгедей де, Шағатай да емес, Шыңғыс ханның өзі. Ол

балаларына: «Өз мемлекетінің абыройлы болашағын қорғандар!», – деген ғой («Алтын тобчи», Москва, 1973, 240 – бет). Ал ол мемлекеттің шығысы сол кезде қоныраттар отырған Ұлы Қытай қорғанынан басталып, батысы қыпшақтар отырған Дон (Дон) өзеніне шейін созылса, оңтүстігі Бұхарадан басталып, солтүстігі Мұзды мұхыйтқа дейін созылып жатқан жоқ па еді?

Әлемнің тарихы әр заманда әрқыйлы дамйды: бір кезде Ұлы қытай қорғанының қасында отырған қоныраттар қазіргі Қазақстанның Түркістан облысында отыр, бұрын Шығыс Түркістанның өзінде, төрінде отырған найман, керей, уақ, меркіттер ығыса-ығыса келіп, қазіргі Шығыс Қазақстанда тұрақтап отыр, ал бұрын Шыңғыс хан мемлекетіне қараған бұлғар,

татар, башқұрт, саха, ұйғыр, карақпак, болған, хакас, шұбаш, ноғай, құмық, балқар, хазар, қарашай, шеркес, тыба, ұранқай, сойот, долған, марыйел, табасаран, барна, алтайлық, теле, теленгіт (төленгіт), телеуіт, шор, топа, қотан, тұман, қарайым, ғағауыз, қырым татарлары, бесермен, байат, салар, дәркін, йофа, шұлым секілді бірі аз, бірі көп түрік халқы мен руу-тайпалары қазіргі күнде қандай күйде, қайда екенін әркім-ақ біледі деп ойлаймын. Шыңғыс хан мемлекетінің құрамында болған өзбек, қазақ, қырғыз, эзирбайжан, түрікмен, тәжік халқы ғана бұл күнде дербес мемлекет құрып отыр.

Тарихтың дерегіне сүйеніп айтсақ, бүгінде біз жайлап отырған Қазақстан мемлекетінің жері – Шыңғыс хан бабамыз құрған мемлекетінің бел ортасы: шығысы да, батысы да, оңтүстігі мен солтүстігі де – бәрі мүжілген.

Шыңғыс хан мемлекетінің орталығы немесе ордасы Моғолстанда болды. Кейін оны Алтын Орда деп атап кеткен – орыстар. Ал Алтын орда деген – мемлекеттің басшысы – ханы немесе патшасы – отыратын үй. Ресейдің Кіремілі, қазақтың Ақордасы сыйақты. Қазақ хандары да, хандардың ата-баба хандары да Алтын ордадағы алтын тақта отырған.

Оғыз хан жайында Рәшит әд – Дін былай деген: «Он созвал великое собрание, развил Золотой шатер» (Березин аудармасы, 1 – бөлім, 22 – бет). Бұл оқығаны Қадырғалый бабамыз «Алтыннан орда тікті... ұлы той жасады», – деп жазады (аталмыш кітабі, 19 – бет). 1245 – жылы, Шыңғыс хан қазасынан кейін он сегіз жылдан соң Күйіктің (бәлкім, Кіііктің) қаған сайлануы рәсіміне қатысқан Пано Карпини: «Бір әдемі жазыққа, тау арасындағы әлдебір бұлақтың қасына өздері Алтын Орда деп атайтын басқа шатыр тікті», – дейді («Путешествия в восточной страны», Алматы, «Ғылым» баспасы, 1993 – жыл, 67 – бет). «Басқа шатырдан» бөлек тіккені ол – Сары орда, онда отырып, Күйік қаған өз елінің ішкі мәселесін шешсе, Алтын ордада шет ел адамдарын қабылдаған. Орыс кінәзі Ярославльге осы Алтын ордада у беріліп, ол содан өлгені белгілі. Соның бәрін Карпини өз көзімен көрген, жазған. «Ярославның жоқтауы» дейтін орыс халқының шығармасы осы оқығаға байланысты тууғаны және белгілі. Бұл Алтын орда найманның

ұйғырмен шегаралас жерінде Қарақорым атты астанада тігіледі. Жалпы, отыз қанат үйді қазақтар ғана Алтын орда деп атайды.

Шыңғыс хан өзі құрған мемлекетті көзі тірісінде төрт ұлысына бөліп, төрт ұлына бөліп берген. Төрт баласы төрт орда тігіп отырды. Ал орталықтағы Қарақорымда бас хан болып отыратын адам Сары орда (Карпини «Сыр – орда» деп жазады) және Алтын орда екеуін қатар тігетін еді. Бас хан (қаған) болып әуелде Үкітай, одан соң Күйік, одан соң Мөңке, одан кейін Құбылай сайланды. Батыйдың, Шағатай мен Төленің ұлысы – бәрі Алтын ордада отыратын қағанға бағынатын. Құбылай бас ханның Алтын ордасын Қарақорымнан Ханбалыққа (Бежин) көшіріп әкеткен соң, бұл дәстүр бұзылды, Шыңғыс хан мемлекеті төрт дербес мемлекетке бөлініп кетті де, оларға Алтын орда қажет болмай қалды. Бұл – Құбылай қағанның Қытайға өте пайдалы, ал қазаққа зыйяны тиген ісінің «жемісі». Ұлы державаның бірте-бірте күйреуіне де жол ашқан – сол қәтелік. «Шыңғыс хан әулетінің соңғы төрт ханы» атты кітабында И. Бичурин төрт қағанның еңбегіне егжей-тегжейіне баға береді. Оны оқыған адам бүгінгі Қазақстанның сол Шыңғыс хан құрған мемлекеттің орнында отырғанын да түсінеді. Бұл – құпияға жатпайтын жарыя жағдай. Мен интернеттен XIII – ғасырда Еуропалықтар сызған, латын көрпімен жазылған «Шыңғыс хан империясы» деген картаны көрдім. Жоғарыда мен айтқан жердің бәрі сол картада белгіленіп тұр.

Жоғарыда «моғол», «моңғол» сөздерінің төркіні «мұң ұл» деген түрік сөзі екеніне тоқталдық. Ал осы «мұң ұл» деген сөздің өзі қайдан шықты? Ол сөздің Шыңғыс ханға қандай қатысы бар?

Меніңше, оған екі жағдай бір-біріне үстеме болған. Біріншісі – Елхан Бумының ұлы Қыйан мен Елханның інісі Естемінің ұлы Нүкүздің жау шапқыншылығы кезінде Ергенеконға қашып барып тығылыуына қатысты жағдай. Елден, жерден айырылған олар мұнды ұл болмағанда, қандай ұл болмақ? Оларды өзге жұрт «мұнды ұл» дегенде, қандай ұл дейді?

Екіншісі – одан кейінгі, Әбілғазы бабамыздың жазуынаша, Шыңғыс ханның жетінші атасы – Дотуман ханның жағдайы. Ол өлгенде, артында тоғыз ұлы, Мұңұлун атты әйелі қалады. Аш жалайырлар жаужұмыр дейтін шөптің тамырын қазып жеп, ауыл төңірегін ой-шұңқыр қылып қазып тастағанын көріп, өлген ханның балалары оларды сабап құуалайды да, екі арада төбелес шығады. Аш, жалаңаш, ашынған жалайырлар ханның сегіз ұлын, оған қоса қолдарына түскен біраз адамды да қырып салады. Балалардың анасы Мұңұлун да өлгендердің ішінде кетеді. Тек қыз айттырыуға кеткен Хайду хан ғана аман қалады, ол – Шыңғыс ханның алтыншы атасы («Түрік шежіресі», 45 – бет). Хайдудан басқа сегіз ұлды өлтірген жалайырларды өзге жалайырлар сөгіп, Хайду ханға ұлын құл, қызын күң етіуге шешім жасайды. Олай болса, сегіз бауырынан, анасынан айрылған Хайду хан **мұнды ұл** аталмағанда, қалай аталуы мүмкін?

«Мұңұлун» деген сөздің түбірінде де «мұнды ұл» дегенге ұқсастық бар. Бірақ «мұнды ұлға» ол сөздің қатысы болмаса керек? Оның дұрысы Мұңұлун болуы мүмкін деп ойлаймын. Тарыхтың тәлейіне қараңызшы, егер Хайду хан да жалайырлардың қолынан өлсе, онда тарыхқа Шыңғыс хан да келмес еді. «Мен мұңұлмын» немесе «мұңұлдың ұрпағым» деп Хайду да, Шыңғыс хан да айта қоймаса керек, оларды солай атайтындар сырттағылар, өзгелер.

И. Бичуриннің жоғарыда аталған шығармасында Хайду хан «Черная вода» – Қара сұу – Қарақол деген жерді жайлағаны айтылады. Ол ара әлі де Қарақол аталады, ақын ағамыз Рахметолла Нұрпейісов сол Қарақол аталатын жерде тұрған.

Өсет Найманбаев өзінің дастандарында төрелерді нұрдан жаралған деп жырлайды. Шыңғыс хан жайында жазылған барлық дерек ол тараған ұрыуды «нирун» деп жазады. «Нұр» сөзін ежелгі түріктердің «нир» деп атауы мүмкін емес секілді. Ол күдікті Березин аудармасындағы арапша жазу да өршіте түсті. Аударманың I – бөлімінде ол сөз арап әрібімен **нрун** деп жазылыпты (34 – бет). Ал 42 – бетте **норин** деп жазылған. 74 – бетте **орсон** деп арапша



жазылғанды Березин **урсун** деп аударған. Біз «о» деп отырған бір әріп төбесіне әр түрлі нүкте мен үтір қоюына байланысты, біресе **о, у, қ** болып оқыла береді. Осыған қарағанда, парсы тілінің ықпалымен қазақтың «нұр» деген сөзі «**нир**» болып қәте жазылып кеткен болу керек деп ойлаймын. Әбілғазы мен Қадырағалы бабаларымыз да бұл сөзді «нирун» деп жазған, өйткені олар да барлық деректі парсыша жазылған Рәшит әд – Дін кітабынан алған. Березин аудармасында арап әрібімен қәте жазылған сөздер кездеседі. Мәселен, 78 – бетте «ойрат» сөзі арап әрібімен **аойрат** болып жазылған, бірақ «й» әрібінің астына қойылатын екі нүкте қойылмаған. Осыларды көре отырып, Рәшит әд – Дін кітабындағы «нұрин» сөзі «нирун» болып, алдыңғы «нұ» бұуы мен соңғы «ни» бұуының орны ауысып кеткен-ау деп ойлаймын. Бұл сөз арап әрібінен «нирун» деп жазылғанмен, кей жерде «нирон» (213 – бет), кей жерде басқаша жазылып кеткен. Кей сөздердің бұуының ауыстырып жіберетін Рәшит әд – Діннің әдеті бар екенін Березин де ескертеді. Мәселен, Керулен өзенінің атын оның үнемі Керулен деп қәте жазатынын айтады (222 – бет).

Березин кейбір моңғол сөздерінің орысша мағынасын да көрсетіп отырады. Мысалы: «канк» – «арба», «карлук» – «снежный» (223 – бет), «ур – хан» – «верх хан», «куз – хан, значить, око – хан», «кук» – «небо» (2 – бөлім, 225 – бет). Осы сөздерден де татар моңғолдың, йағный түріктердің төбесі көрініп тұрған жоқ па?

«Моңғолдың құпия шежіресінде» (Өлгий, 1979, 141 – бет) Шыңғыс ханның сүйегін қазақ арбамен әкеле жатқаны айтылады. Арбаны алғаш жасаған – қаңлылар. Ал қазақ арбаны қазақтың өзі жасамағанда, кім жасайды. «Қазақ арба» дегені, сірә, жақтауы бийік, дөңгелегі үлкен арба болса керек. «Қазақ» сөзі мен қазақи мінездің бұрыннан белгілі екеніне бұл да күә.

1952 – жылы аударылған Рәшит әд – Дін кітабының алғы сөзінде Шыңғыс хан мемлекеті жайында «олар түрік тілді емес, моңғол тілді» деген пікірдің жалған екенін осы жоғарыдағы сөздер-ақ дәлелдеп тұр емес пе?

Қазақтың қай тайпасынан шыкса да, Шыңғыс хан – бүкіл қазаққа ортақ тұлға. Біріміз оны Адай деп, біріміз Найман, тағы біріміз Шанышқылы не Қоңырат деп, әрбіріміз әр жаққа тарта берсек, одан тарых бүтінделмейді, әр жерінен әрғалай жырымдалады, өсек пен өтірік көбейеді. Әбілғазы бабамыз «Жалайыр елінің байаны» деген тарауда оны анықтап айтқан. «Көп ел еді, сансыз көп болар еді. Көбірегі монғол жұртында Онон деген жерде еді. Бір рет қытайдан көп әскер келіп, бір жерде жыйылып отырған жалайыр халқын шауып, малын-мүлкін талап, бірқатарын құл-күндікке алып кетті... Шыңғыс ханның жетінші атасы Дотуман хан өліп, артында тоғыз ұл қалды», – дейді ол («Түрік шежіресі», 45 – бет).

Бұған бірдемені алып-қосудың қаншалық қажеті бар? Шыңғыс ханның қытайлардан кек алыуының да себебі осы оқығандан анықталып тұрған жоқ па? Қытайлар және Амбағайды да ағашқа байлап өлтірген жоқ па? Амбағайдың өлерінде: «Кегімді алыңдар!», – деп аманаттағаны тағы бар.

«Жалайырлар он бір атаға дейін, йағный Шыңғыс ханның төртінші ұрпағына дейін пенде болып жүрді», – дейді Әбілғазы «Түрік шежіресінде» (сонда, 45 – бет).

Қазақша жазылған бұл сөзді тағы қазақшаға аударуудың не қажеті бар?

Боданжардың бір баласынан «доғлан» елі тарағанын, олардың көпшесі **доғлат** аталатынын жазады Березин (сонда, 30 – бет). Мен осы сөзде де шйікілік бар-ау деп ойлаймын. Себебі Алтай – Сайан өңірінде «Долған» аталатын түріктер бар. Мұндағы «Доғлан» сол «Долған» болуы мүмкін. Өйткені Рәшит әд – Дінде аталатын «ұранхай», «теле», «теленгіт», «телеуіт» атты түрік тайпалары мен руулары осы күні Алтай – Сайан өңірінде, сол Долғандармен қатар өмір сүріуде, бәрі де түрік моңғолдар. Доғланды Доғлат деп, Бәйдібек бабаның ұрпағы Дулаттармен шатастырған болуы керек деп ойлаймын.

Теміршынның шешесі «Олун – эхэ» делінген, ал қазақ шежірелерінде «Өлен» деп айтылады, сол дұрыс шығар. «Өелун», «Оолун» деп жүргеннің бәрі, меніңше, оны түріктен алыстатуы үшін, әдейі бұрмалаған.

Жалайыр тайпасының ежелгі тұрағы деп көрсетілген Онон өзенінің жазылуы мен айтылуы да ойлантады. Березин аудармасында ол арап әрібімен **Онн** деп жазылған (1 – бөлім, 13 – бет).

Екі «н» әрібінің ортасында жазылмай қалған әріпті біреу «о», біреу «а» деп оқып келеді. Мен дұрысы «а» болуы керек деп ойлаймын. Өйткені Қарақорымға келген Карпини де, Рубрук та ол өзеннің атын «Онан» деп жазады. Ал олар ол сөзді елдің өз аузынан естіген. Түрік тілінде ол сөз «Өнән», йағный «нән өзен» деген мағынаны білдіреді. Ол, Тілеуберді Әбенәйұлының дәлелдеуінше, Іле өзенінің дәріптелген аты. Мен осы пікірге қосылам, өйткені өз жеріндегі біз Онон деп жүрген өзенді халхалар Онын дейді екен және халха тілінде оның мағынасы да жоқ екен. Демек ол сөз – оларға жат сөз. Соларды бйлеген Шыңғыс хан ұрпақтарының: «Біздің Өнән секілді өзен», – дегенінен өзгерген сөз болуы мүмкін.

Шыңғыс қағанның атамекенін біржола даусыз анықтайтын бір шара – оның бейітін табуы. Оның бейіті Ұлытаудағы Алашахан мазары деген пікір – дәлелсіз. Ахмет ханның Алаша хан аталғаны тарыхтан белгілі, сондықтан оның бейітіне Шыңғыс ханды таластыруы – ынғайсыз нәрсе. Оның үстіне, Қадырағалы Жалайыр бабамыз бұл жағдайды ап-анық жазған. «Уалайат Таңғұтта каза тапты, – дейді ол. – Доңыз жылы рамазан айының он төртінші күні тарыхтың 624 – інде **өз ордасына әкелді**... Өз жерінде бұрын уақытта қорық бұзирг қылыуды дайындап еді, сол жерге қойылды («Армысың, эз баба!», 54 – бет)».

Рәшит әд – Діннен Березин былай аударыпты: «Шыңғыс ханның Бұркан – Қалдұндағы ұлы мәртебелі қорымын (запретную рошу) күзетшісі болып сол канаттың бйі, мың күзетшіні басқаратын мыңбасы, Селдес тайпасынан шыққан Удаджи тағайындалды, олар ұландық құрылымға («гвардейский корпус») ешқашан кірмейтін. Құбылай қағаннан басқа Толыйдың өзі мен оның үрім-бұтақтары, бүкіл үрім-бұтақтарымен қоса Мөңке қаған – бәрі осы мәртебелі қорымға жерленген; Шыңғыс ханның өзге ұрпақтарының мәртебелі қорымы басқа жерде» (сонда, 1 – бөлім, 92 – бет).

Ұлытауда Жошының қасында мұнда айтылғандай қалың қорым жоқ, жекелеген бірер бейіт қана бар. «Запретная роша» дегені, қазақшалағанда «қорғалатын тоғай» деген мағына беретін болса, «Қорғанақ Шұбар» ауылының аты осы сөзден қалса керек.

Шыңғыс ханды артында қалған балалары, ұрпағы өздері қасыйетті санаған жерге ғана жерлейтіні даусыз деп ойлаймын. Ондай қасыйетті жер – Шыңғыстың тұуып-

өскен жері: Кері өлең өзенінің бойындағы Шұбар мен Аралтөбе және Шыңғыс сай. Ол жердің бұрын да, қазір де қасыйетті саналуы тйіс екенін мынадан да аңғаруға болады. «Алтын топшы» кітабында: «Сыйыр жылы (1229) қырық үш жасында Кері өлең бойындағы Худуге аралда Үгедей ұлы таққа отырды», – делінген (Москва, 1973, 24 – бет).

Мөңке де өстіген. «Қырық беске келген жасында Шыңғыс қағанның кенже ұлы Толыйдың баласы Мөңке доңыз жылы (1251) төртінші айдың үшінші күні Кері өлең бойындағы Худуге аралда таққа отырды», – делінген (сонда, 247 – бет).

Таңғұт жерінен Шыңғыс қағанның мәйітін әкеле жатқанда, қазақ арба балшыққа тығылып қалады. Сонда Құлығат атты батыр: «Сені құрметтейтін халқың мен сенің мемлекетің, сенің тәніңді жұуған суың, сенің сансыз моңғол халқың, Өнәндегі Делійғү Болдағ – сенің тұуған жерің ғой!... Сенің сөйлейтін халқың, сенің хан тағына отырған ордаң Кері өлең бойындағы Арал – бәрі сол жақта ғой! – деп, Шыңғыс ханның мәйітіне қарап тақпақтайды (сонда, 241 – бет). Сонда қазақ атарба жүріп кетеді. Осыншама қастерлі, қасыйетті араға жерлемей, Шыңғыс ханды басқа араға жерлепті дегенге адам баласы қалай сенеді?

Кербұлақ ауданындағы Қорғанақ Шұбар ауылы мен оның оңтүстігіндегі Шыңғыс сай екеуінің арасында он бес шақты хан обасы бар. Археологтар оның бәрін қазып тастаған, бірақ тарыхқа жарты сөйлем де жаңалық қоспаған. Төленің де, Мөңкенің де бейіттері соның ішінде із-түзсіз кетті деп ойлаймын.

Шаған тауының оңтүстік бетінде, Шыңғыс сайдың солтүстік қарсысындағы екі ортада, Сарөзек – Қорғас тасжолының жағасында өзге обаларға еш ұқсамайтын, дөңгелек кйіз үй кейпіндегі үлкен оба тұр. Бейітінің төбесі түскен, үстіне мәшйіне емін-еркін шыға береді. Осы обаны мен Шыңғыс ханның бейіті деп жорамалдаймын. Әрі соған сенемін. Аман ел, археологтар да, тарыхшылар да оған әлі көңіл бөлмей келеді. Жыл өткен сайын ол оба да мүжіліп барады. Сірә, мемлекет басшылары көңіл аудармаса, оны зерттеуге ешкім құлшына қоймайтын сыйақ. Алтын адамды табуы да тарыхқа керек шығар, алтын тарыхты анықтау одан да қерегірек деп ойлаймын.

Шыңғыс ханның қай жерде тұуып-өскенін, қай халықтың баласы екенін анық білген екі мемлекеттің ғалымдары: біріншісі – Қытай, екіншісі – Ресей. Және, бір қызығы, оның сол шындығын жасыра білген де осы екі ел.

Шыңғыс хан құрған мемлекеттің біраз жерін бұл күнде йемденіп отырған да осы екі мемлекет. Сондықтан олар үшін Шыңғыс ханның шындығын жасыруы – өздеріне тйімсіз сол шындықты да жасыруы. Ал бодандық жүйенің жасырғаны мен бұрмалағанын қалпына келтіруі – біздің азаматтық борышымыз.

Тарыхшылардың көбі «Шыңғыс хан Қазақстанды жаулап алды» деп сенімді жазады. Ешбір елдің басшысы өз елін өзі жаулап алмайды. Шыңғыс хан бүкіл түрік жұртын бір мемлекетке бағындырды.

Түрік аталатын елдің қай өңірден шыққанын, қай жерлерді мекендегенін, қай тілде сөйлегенін, мемлекетінің атын қай тілде атағанын – бәрін жыйнақтап қарасақ, бәрінің де бел ортасында қазақ тайпаларының жүргенін көреміз. Сонда Түркіе пірзейденті Тұрғұт Озалдың: «Қазақстан – біздің ата жұртымыз», – дегені де еріксіз еске түседі.

Әрйіне, Шыңғыс қағанның шындығы халха моңғолдарға ауыр тийеді, алайда қазақтың онда ешқандай кінәсі жоқ, тек өз тегін іздеуге, табуға толық қысы бар.



Бексұлтан НҮРЖЕКЕ-ҰЛЫ,
жазушы, мемлекеттік
сыйлықтың лауреаты.



ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ҚАСЫМЫ

Қасым Аманжолов қазақ халқының көрнекті ақыны, поэзиясын бір белеске шығарған шайыры. Ақынның өлеңдерін сезімсіз, терең ойсыз оқу мүмкін емес. Ойы өрелі, тілі өрнекті ақын қазақ поэзиясындағы лирикалық өлең жанрын жан-жақты толықтыра түсіп, көркемдігін арттырды. ХХ ғасыр басында әдебиет майданына келген ақындар үшін заман, қоғам тақырыптары азық ете бастағаны сөзсіз. Оқырмандар рухани қажеттіліктен жаңа ақындарды оқыды, іздеді. Солардың ішінде өзгеше өлең жазып, алғаш көзге түскендердің бірі – Қасым Аманжолов. Қасымның өлеңдері де, өмірі де өміршеңдігімен және лирикасымен әдебиет әлеміне танымал. Биыл, міне, қазақтың хас ақыны Қасым Аманжоловтың туғанына 110 жыл толып отыр. Бұған дейін ақынның шығармашылығы өз деңгейінде бағаланып келсе де кей сәттерде еленбеген тұстары да бар. Жүрсін Ерманның:

*Дегені қайда – басылды құйын.
Ақылым жетпей, ашшды мым.
Виноградов көшесіндегі
Қиратып жатыр Қасымның үйін!
Шақұр да шұқұр шаққанда әйнегін
Ажалдың сезім ақпандай лебін.
Бір-бірлеп сөзін қабырғаларымды
Кеудемді бұзып жатқандай менің!,*
– деген өлеңінде Қасымның үйі емес, шығармашылығына баса назар аударуды сездірсе керек.

Қасым ақынның өмірі оңай болған емес. Мектеп интернат, соғыс, тұрмыстағы қиыншылық оның поэзиясына өз әсерін

тигізбей қоймады. Оқырмандарға етене таныс «Өзім туралы» өлеңі де әлеуметтік теңсіздік, тұрмыстағы қиыншылық, баянсыз махаббаттың ауыр салмағынан шыққаны байқалады. Сонымен қатар ақын өлеңдерінде табиғат лирикасы жақсы суреттелген. Тіпті тақырыптарының өзі «Көктем құшағы», «Жаз дидарлы жас ана», «Аспанымды бұлт торлап», «Сенің алма бағыңа» эпитеттерді әдемі қолдана отырып, табиғаттың сырын, мұңын, сұлулығын және бейнесін адам жанымен қабыстыру байқалады.

Қасым ақын белгілі бір құбылысты, іс-әрекетті бейнелей суреттеп, өзгеше атау, әр берген (перифраз) өз буынындағы санаулы ақындардың бірі. Алаулаған шынайы, пәк сезімнен таза күйінде қағазға түсіре білді.

Сенің нұрлы жүзіңнен
Көрем бақытты өмірді;
Сенің әрбір сөзіңнен
Күй естілер көңілді.

Сол себепті мен саған
Ғашықтайын құмартам,
Жүрегімнен, жамынан
Жыр жазамын, сыр айтам, – деп жырлады (Күндей шалқып күлгенің - Қ.Аманжолов).

Ақынның өлеңге адалдығы, жырларын бәрінен биік қоятыны өлеңінің әр шумағынан байқалып тұрады.

Өкінем мен де бір күн өлемін деп,
Өкінем ұқсата алмай келемін деп,
Күніне жүз ойланым, мың толғанам,
Өзіммен бірге өлмесім өлеңім деп.
(Өзім туралы - Қ.Аманжолов)

Мақаламыздың басында Қасым жырларында таптаурын тіркестер, жаттанды сөздер жоқ дедік. Сол сөзімізге тағы бір мысал: Махаббат лирикасы жанрында жазылған өлеңдерде жиі қолданысқа түсетін күз мезгілі көбінесе сағыныш, қоштасу, жабығуды ғана береді. Ал, Қасымның жырындағы күзді оқып көріңіз:

Соққан соң екі жақтап ыстық – суық,
Барады ақырындап бойым суып.
Айнымай тамылжитын жазым қайда,
Япырай, күз бенен қыс қалды-ау жуық!,
– деп шендестіре жырлайды. Батыл жүректі, көреген көзді, жаны сұлу Қасым Аманжолов шығармашылығы алдағы уақытта да өз бағасын ала жатар. Қасымның теңіздің тентек толқынындай шабытты күш-қуатынан туған өлеңдері мәңгілік әдеби мұрамыз екені сөзсіз.

Бұлбұл АДАМҚҰЛОВА,
Ынталы ауылы.

ҚАЗАҚ ЖЫРЫНЫҢ ХАНТӘңІРІ



Биыл барлық ғұмырын күдіретті поэзияға арнап, қара өлеңнің қадір-қасиетіне жеткен мұзарт шыңның мұзбалағы, ақиық ақын Мұқағали Сүлейменовты Мақатаевтың туғанына 90 жыл толып отыр. Мұқағали есімі қазақ поэзиясының символы іспеттес. Ақын қазақ жырларының сүйіспеншілігіне бөленген ұлы перзенті. Ақын бір ғасырда бер рет келетін, қазақ поэзиясының пір тұтар азаматы. Ол қазақ поэзия әлеміне шексіз кеңістік пен көз сүрінген биіктік әкелген ақын.

Мұқағали – қазақ поэзиясының пір тұтар азаматы. Оның өлеңдері санаға жарық сәуле түсіріп, бойынды бай белестерге бағыттайды. Ақын өлеңдері қаншалықты биік болса, адамның оған деген құлшынысы соншалықты жоғары.

Мұқағали Мақатаев отан деген сезімге қылау түсірмеген ақын. Туған жерін, халқын, ана-тілін жан тәнімен сүйді, тебіреніп жырлады. Туған жерін, туған халқын

Мұқағалидай жырлаған қазақ ақын жоқ. Ол қазақтың өлең-сөзін биікке көтерген ХХ ғасырдың санаулы саңлақтарының бірі. Мұқағали өзінің қысқа ғұмырында өзіне-өзі сенген ақын. Ары таза, жаны мөлдір, жүрегі отты, рухы асқақ, жырлары мен көркем дастандары сол сенімнің жемісі.

Қарасаздың қыран ұлы, жампоз жырдың дүлдiлi Мұқағалидың халық жүрегінен терең орын алған өлеңдері көпшілік сүйіп орындайтын әндерге айналды. Ақын шығармаларына ән жазбаған сазгер кемде-кем шығар.

Мұқағали Мақатаевты ұрпақтары ешқашан ұмытқан емес. Жыр боп ақтарылған ақиық ақын өлеңдерін үлкен де, кіші де тамсана оқиды. Ақын өлеңдерінің өміршеңдігі мағынасы терең мазмұнында, кез-келген адамның жүрегіне қона кетер қарапайымдылығында жатса керек. Шығармаларының астарында адамның ғұмыры мен тағдыры айтылады.

Ақын рухы – ұлт рухының ажырамас бөлшегі. Мұқағали Мақатаев соңына ешқашан ортаймайтын мол қазына қалдырған ақын. Ақын өз шығармалары арқылы қазақ поэзиясын жаңа биіктерге көтеріп, мазмұнын байытты.

Ақын өлеңдерін оқыған сайын рухтанамыз. Өмірді жаңа қырынан тани түсеміз. Жыл керуені жылжыған сайын Мұқағали Мақатаевтың өшпес мұрасы қараңғы түн қойнауынан жарық жұлдыз құпия сәулесін шашқанындай жарқылдап, айшықтала түсуде. Ол өзінің әрбір өлеңімен бізді ұлтты сүйеге үйретеді. Халықты қадірлеудің асқақ үлгісін нұсқайды. Ақын жырлары ұрпағының есінде мәңгі сақталары сөзсіз. Өлең өлмейді. Ендеше оны жазған ақын да өлмейді. Болашаққа үлкен үміт артқан мол мұрасы ұрпақ санасында мәңгі сақталады.

Әлия ҚАЙШЫБАЕВА,
Тұрпан ауылы.

АДАМЗАТТЫҢ АҚЫНЫ



Ұлтымыздың өнері мен мәдениетіне талай – талай қабырғалы қайраткерлерді қосқан қасиет қонған қазақ топырағында биыл тағы да мереке. Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығымен қатар «Адамзаттың ақыны» дәрежесіне көтерілген, әлемге әйгілі көрнекті қаламгер, мемлекет және қоғам қайраткері, білгір түріктанушы, лингвист ғалым, Халық жазушысы, Қазақстанның Еңбек Ері Олжас Омарұлы Сүлейменов 85 жасқа толып отыр. Олжас Сүлейменов тұлғасы – халық тарихының бір

бөлшегі, ұлт мақтанышы. Ол – дарынды, ақындық өрісі биік тұлға. Олжас Сүлейменовтің поэзиясы – өзіндік дара қасиеті бар, мақсаты айқын, жүрекке қуаныш, бойға жігер қосуға ұмтылған поэзия. Оның поэзиясы сезім түйсігінің шындығымен, ішкі жалынымен, әсершіл сезімді бейнелеудегі сыршылдығымен, өлең өрнегінің шеберлігімен, тіл байлығымен ерекшеленеді. Олжас Сүлейменов – ақындығымен қоса қоғам өміріне де белсене араласып, қайраткерлік дәрежеге көтеріле білген азамат.

Алатау бөктеріндегі Алматы атырабында дүниеге келген Олжас Сүлейменов жұрттың тарихи жадына қозғау салып оятқан «Азия» еңбегімен айрықша танылды. Ғарышты бағындырған адамзат баласының ерлігін паш еткен «Адамға табын, Жерді енді!» атты поэмасы әлемнің көптеген тілдеріне аударылды.

Жазушы отандық әдебиет қана емес, тұтас экономика саласының дамуы мен ядролық қарудан бас тарту жолында зор үлес қосты. Ел басына атом бомбасының қара бұлтын үйірген дәуірде Елбасы қолдауымен «Невада – Семей» халықаралық қозғалысын құрып, ұлт тағдырына араласуы бола білген қайраткер ақынның ерлік әрекеттері қазақ даласының ядролық сынақтардан арылуына жол ашты.

Шығармашылық ортада оны «Адамзаттың ақыны» деп те атайды. Мерейтой иесі өр рухты өлеңдері арқылы тұтас әлемді бейбітшілікке шақырып, береке-бірлікке үндеді. Олжас Сүлейменов әр жылдары Жазушылар одағын басқарды, мемлекеттік кинофотография мекемесіне жетекшілік етті. Сондай-ақ Жоғарғы Кеңесте депутат болып, бірқатар мемлекетте Төтенше және өкілетті елші қызметін атқарды. Ал 1989 жылы «Невада – Семей» қозғалысына бастамашылық етіп, ядролық қару сынағына жаппай тыйым салу жөніндегі құжаттың қабылдануына себепкер болды. Бұл келісімге әлемдегі көптеген мемлекет мүше.

Олжас Сүлейменов 2016 жылы отандық әдебиетті дамытуға қосқан үлесі, сондай-ақ бейбітшілік пен азаматтық келісімді нығайтуға бағытталған белсенді қоғамдық қызметі үшін жоғары дәрежелі «Қазақстанның Еңбек Ері» атағын иеленді. Биыл сексен бес жастың биік белесін бағындырып, шығармашылық қуатын жоғалтпаған, қолынан қаламын тастамай, сүбелі сөзін хатқа түзіп, биік мінбелерден кесек ой айтып жүрген болмысы бекзат, танымы терең, тағылымы мол тұлғаның бүгінге дейін жүріп өткен өмір жолы мен сан қырлы шығармашылығының әлемдік әдебиет пен мәдениеттегі орны, парасаттылық өресі кейінгі буынға үлгі өнеге.

Мәрия МУЗАКОВА,
Ават ауылы.

ҚАРЫМДЫ ҚАЛАМГЕР



мақаласында нарық заманындағы халықтың рухани байлығы, рухани күш – қуаты қай деңгейде деген сауал тастап, осындай өтпелі заманда халық үлгі тұтатын, рухани кемел тұлғалар бар ма, бар болса неге үнсіз деген ойды айтады. Тұлғаға да өсіп – жетілетін орта керек, ол үшін әдеби – мәдени рухани ортамызды жақсартуымыз керек дейді.

Жүсіпбек Қорғасбек публицистикасында тарихи тұлғалар жайлы жазылған материалдар аз емес. Әсіресе, бас редактор ретінде Ж.Қорғасбек ағамыздың көтерген үлкен тақырыбы – Шыңғысхан, осы Шыңғысхан тақырыбын алғаш «Қазақ әдебиетінде» көтеріп, үлкен пікірталасқа айналдырған және әлі күнге дейін жалғастырып келе жатыр.

Еңбек жолында «Жас Алаш», «Қазақ әдебиеті» сынды газеттерді басқарды. Балалар мен жасөспірімдер басылымдарының басын қосқан «Жас өркен» ЖШС-нің бас директоры болып жемісті қызмет атқарды. Қазіргі таңда «Егемен Қазақстан» газетінің Алматы редакциясын басқарады.

Көзі қарақты оқырман қауым Жүсіпбек Қорғасбекті «Көгілдір керуен», «Жансөбіл» атты әңгімелер жинағы, «Жыңды қайың», «Үлпілдек», «Көкжалдар» атты кітабы арқылы кеңінен танығаны рас.

Белгілі жазушы Жүсіпбек Қорғасбек шығармашылығының арқауы көп қаламгердің «жолы түспеген» тақырыптар деуге болады. «Жансөбіл», «Үлпілдек», «Көкжалдар» секілді туындыларының әрқайсысы кішкентай адамдардың, қорғансыз пенделердің тарихи мезеттердегі жан дірілі, өмір сүруге талпынысы, біз «бақытсыздық» деп ойлайтын тағдыр талқысында бақытқа ұмтылыс ерліктері жайында өрбиді.

Қарымды қаламгер иесінің шығармалары желісінде түсірілген үш фильм де талантты түлеткен топырақтағы жерлері үшін зор мақтаныш.

Бүгінде Ж.Қорғасбек ағамыз қалам тербеген шығармалар халық жүрегіне жетіп, елдің ықыласына бөленіп жатса, ол, бірінші кезекте, өзінің тынымсыз еңбегінің, мамандыққа деген адалдығының, шынайылығының жемісі дер едім.

Мақпал БИМБЕКОВА,
Алтай ауылы.

Талай дарын иелерінің бесігін тербеткен дархан даламыз қасиет пен тектілік мекені. Соның ішінде, өнер өлкесінің өр биігіне айналған қасиетті Жаркент өңірі талай – талай дарындыларын лек – легімен дүниеге әкелген тарихи мекен. Солардың бірі де, бірегейі, шығармаларына дәуір шындығын арқау еткен үздік журналист, жазиралы Жаркент өңірінің төл перзенті, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, жазушы Жүсіпбек Қорғасбек ағамыз асқарлы 60 жасқа толып отыр. Бүгінде жерлестері осы бір қаламы жүйрік, талантымен танылған, журналистика әлемінде өзіндік қолтаңбасы бар Жүсіпбек Қорғасбек ағамыздың 60 жастық мерейтойын ерекше ықыласпен атап отуде.

Қай заманда да халыққа көзінің ағы мен қарасындай болған, халықтың жок – жітігін түгендеп, халықтың жадында мәңгі жатталып қалатын тұлғалар болады. Өткен ғасырдың басында Ә.Бөкейханов, М.Дулатов, А.Байтұрсынұев, М.Тынышбаев, Ж.Аймауытов секілді тұлғалардың үлкен шоғыры болды. Одан кейінгі жылдарды әдеби – мәдени өмірде М.Әуезов, соғыс жылдары Б.Момышұлы, ғылыми ортада Қ.Сәтбаев, өнерде Ш. Аймановтай аты аңызға айналған тұлғалар болды. Олардың ел рухын көтерудегі атқарған қызметтері аңызға ұласып кетіп жатты.

Жүсіпбек Қорғасбек 1995 жылдары өзінің «Тұлға тұтар кімің бар, елдің айтар мұңы бар»

СЫНЫПТАСТАР БАС ҚОСТЫ

Панфилов ауданының, Тұрпан орта мектебін 1981 жылы бітірген түлектер, араға қызығы мен қиындығы қатар өрілген 40 жылды артқа тастап, бүгінгі таңда сағынышпен қайта қауышты. Кешегі желкілдеген шәкірттер бүгінде келін түсіріп, қыз ұзатып ата-ана болған, немере сүйіп бір әулетті құрап отырған мәуелі жандарға айналышты.

Бұл түлектердің айтулы кездесуі «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 30 жыл» және өздері оқып, білім алған Тұрпан орта мектебіне «Сатай батыр» есімі берілгеніне 20 жыл толған айшықты даталармен сәйкес келіп отыр. Осынау Тұрпан ауылындағы «Сатай батыр» атындағы орта мектеп өткен ХХ ғасырдың 1978-1979 оқу жылында жаңадан салынып бітіп, ауыл балаларының толыққанды орта білім алуына мүмкіндік туғызған, сондай-ақ, елді мекен жұртшылығын үлкен қуанышқа бөлеген бірден-бір білім ордасы болды.

Бүгінгі таңдағы 40 жылдық кездесу кешін ұйымдастырып жатқан азаматтар осы мектеп тарихындағы үшінші бітіруші түлектер еді.

Кездесуге сол жылдары осы түлектерге сабақ пен тәрбие беріп, қазіргі таңдағы ардақты зейнеткер аталған ұстаздарымыз: Дәлелхан Мұхтарұлы – сыныпқа жетекшілік жасаған және химия пәнінен сабақ берген, Амирова Ұлбике – математика, геометрия пәнінен, Жакыпова Құлай – орыс тілі және әдебиеті пәнінен дәріс берген аяулы да ардақты ұстаздар құрметті қонақ ретінде арнайы шақырылып, барлық шараларға қатысты.



Кездесу бағдарламасы аясында Тұрпан ауылдық мешітінде сол жылдары мектеп қабырғасында осы түлектерді білім нәрімен сусындатып, қазіргі таңда бақылық болған ұстаздарға және тай-құлындай тебісіп бірге өскен сыныптас қыз – жігіттерге арнайы құран оқытылып, құдайы тамақ берілді.

Ігі шара «Сатай батыр» атындағы орта мектепте өз жалғасын тапты. Сыныптастар өздері білім алған мектепте болып, бұрынғы кластарында мектеп директоры Нұргелді Тұрғанұлының басшылығымен дайындалған кездесу сабағына қатысты. Өткен өмір белесіндегі балалықтың бал дәуренін еске түсіретін, бүгіндері сағымдай болып естелікке айналған суреттерден дайындалған слайдтар көрсетіліп, естеліктер мен ыстық ықыласқа толы құттықтаулар айтылды. Сынып жетекшісі болған Дәлелхан Мұхтарұлы 40 жылдан кейінгі кездесу салтанатына шақырған сыныптас шәкірттерін құттықтап, өз тарапынан жүрекжарды алғыс тілектерін білдірді.

Сондай-ақ, болашақта осы мектеп ауласына ауыл азаматтары, мектеп ұжымымен бірлесіп Сатай батырдың еңселі ескерткішін орнатса, болашақ ұрпақтың патриоттық сезімдерін шыңдауда нұр үстіне нұр болатынын да Дәлелхан Мұхтарұлы өзінің сөз кезегінде тілге тиек етті. Кездесуге жиналған сыныптастары атынан мешіт, мектеп ұжымына, ұстаздарға естелік сыйлықтар табыс етілді.

Кездесу соны Жаркент қаласындағы «Хан шатыры» демалыс кешеніндегі мерекелік дастархан мен ән, би кешіне ұласты. Ауданның танымал жезтаңдай әнші қыздары: Көркем мен Әсемай да өз кезектерінде аталмыш шараға әуезді әндерімен шашу шашып, кештің құрметті қонақтарына көтеріңкі көңіл күй сыйлады.

Кәдірбай ҮСЕНОВ,
Тұрпан ауылы.

Жаркенттіктер ...деген екен

Ойы – орамды, тілі – тікен, қазіргілер де деген екен



Ерекеннің «...деген екені»
Күрмеуі күрделі мәселелерді шешудегі шеберлігіне қоса сөз мергендігі де еріксіз маз етер жандардың бірі – Ермек Әбілмәжінұлы Келемсейіт. Ерекен сонау өткен ғасырдың соңынан бері талай-талай белестен асып, Басши ауылындағы көлік жүргізушіден бас қала – Астанадағы Парламент депутаты, министр деңгейіндегі комитет төрағасы дәрежесіне дейін көтерілген. Қазір – Алматы облыстық ардагерлер Кеңесінің төрағасы. Солай бола тұрса да шен-шекпенін бұлдамай, баяғы байыпты да қарапайым қалпынан еш танбаған оның ойлы да отты, тапқыр да күлкілі сөздері арқашан ел аузында.

Атадан туған арда ұл
– 1972 жылдың соңы еді. Қақаған қыс кезі. Басши ауылының әдеттегі қар аралас желі бұрқасындатып тұр. Мектеп жанынан өтіп бара жатып, гаражда «Газ-51» (бортовой) машинасының қасында тұрған сол көліктің жүргізушісі Ермекті көзім шалып қалды. Өлденеге мазасызданып тұрған сыңайлы. Жанына келіп амандасқаным сол еді, ол: «Мына аязда машинаны жөндеу қиынға түсіп тұр, сен маған қоробкасын салуға көмектесші» деді. Сөйтті де, машинаның астына бір жамбастап жата сырғанап кіріп кетті.

«Зілдей темір қорапты салуға үш-төрт адам керек шығар» деген оймен машинаның кабинасына кіріп, тұтқаны ұстай бергем. Сол сәт Ерекеннің жігерлене шыққан көтеріңкі үні құлағымға жетті:
– Мен атадан туған Ермекпін,
Осы темірді жөнсем – еркекпін!
Сонымен, ауыр қоробканы жата беріп кеудесіне алды да, бірден сылқ дегізіп орнына сала салды. Титтей ғана көмегім тигенімен, Ерекеннің қара күшіне таң қалғанымнан алғашында дыбысым шықпай отырып қалдым, – деп еске алады досы Нұрлан Хайруллин.

Қара темірден қаймықпаған қайран жастық-ай десеңізші. Сонымен қатар Ерекеннің қара сөзді де қамырша илейтінін анық аңғартқан сәт қой ол.
Дағдарыс – пайдалы іс
«Дүниежүзілік қаржы дағдарысы» деген сөз шыққалы кейбір жауын жаумай су болып жүретіндер қара аспанды төндіріп, тіптен қалтырай бастаған. Әкімдердің дәстүрлі есеп беру кездесуін өткізіп жүрген Ерекен – аудан әкімі Ермек Әбілмәжінұлы Келемсейіт есепті баяндамасының соңында ел-жұртты жұбата сөйледі.

– Қаржы дағдарысы негізінен қыруар қаражаты бар алпауыттарға келген нәубәт. Ал ауыл шаруашылығы саласында қарапайым қызмет ететін Сіздер мен Біздер үшін ол онша қорқынышты емес. Қайта кей тұста пайдалы ма деп те ойлаймын.

Мәселен, жанар-жағармайдың бағасы түсті ме, түсті! Минералдық тыңайтқыш арзандады ма, арзандады!... Демек, дағдарыс – біз үшін пайдалы іс болып тұр, – деді ол сенімді түрде.

Ел ағасының екпіндете айтқан «Дағдарыс – пайдалы іс» деген сөзі ұзамай-ақ ел арасында нақыл сөзге айналып кете барды.

«Өздері де сезіп жүрген шығар»
Кезекті аппарат мәжілісі. Аппарат бастығы Токтарбай Әкімұлы әкімдіктің өткен алқа мәжілісінде айтылған мәселелердің орындалуы туралы ақпаратты айта келіп:

– Кейбір бөлім бастықтары мен мекеме жетекшілері алқа мәжілісінің жауапкершілігін жете түсінбей ме деймін. Әрнәрсені желеу етіп, өздері келмейді де, орынбасарларын жібереді, – деді қынжылып. Төрағалық етіп отырған аудан әкімі Ерекен бір сәт ойланп барып:

– Е-е, олары да жөн екен. Демек, өздері де сезіп жүрген ғой шамаларын. Ендеше бұны ескерейік те... орындарын алмастырайық, – депті мысқылдап.

«Алдыға тойбастар келгенде...»
Кеңестік кезеңде әр шаруашылықта көркемөнерпаздар үйірмесінің концертін ұйымдастыру – қалыптасқан дәстүр. Ленин атындағы кеңшар да осындай кезекті қойылымға әзірленіп жатады. Директор басымен Ермектің өзі бас болып қызу дайындық үстінде жүреді. Дегенмен, ел іші емес пе, екі-үш ән салады-ау деген келіншек ортақ істен қашқақтап:

– Өртіс емеспіз ғой, бізге ән айту қайда?, – деп қылымсиды. Сонда Ерекен:

– Қойсандаршы қыздар! Өншейінде ішіп-жемі мол той дастарханы үстінде қалай шырқаушы едіңдер қоярда-қоймай... Әлде сахнада сендердің алдарыңа табакка толтырып кәмпит-пешене салып, ортасына былай қаздатып (директор қара тұк басқан жуан білегін столға тігінен қойып көрсетеді) бір шөлмекті қойып, оның үстіне гүлді орамал жауып алып келіп тұрайық па?, – депті.

Сонда әлгі сылқымдар еріксіз «сылқ» ете түсіпті.

Жаңа канал – «Қапармиян»
Тағы да сол Әулиеағаш ауылы. Ауыл ортасындағы үйлердің жер телімдеріне су жеткізу үшін кішігірім проблема туып қалады. Әркім оны шешудің әр түрлі жолын айтады. Қысқасы, бәрі бірігіп қолмен арық қазуға бәтуаласады. Ол үйлердің қатарында директордың да баспанасы бар екен. Сонымен көршілер үлкен-кішісіне қарамай ортақ іске белсене кіріседі. Әрине, бел ортасында – қашан да қарапайым қалпынан танбайтын Ерекен. Мұндай жұмыс ұйымдастыра білгенге өте қызық әрі пайдалы. Осыны күні бұрын ойластырған олар арық қазушыларды ынталандыруды да естен шығармайды. Қазылатын арық сілемінің әрбір мөлшерлі бөлігіне ашы-тұщы сусындарды мөлдіретіп қойып қояды. Оған жылдамдық қазып жеткендер тамағын да тезірек жібітеді. Сонымен ортақ істі ойдағыдай тамамдаған соң алақотан отыра қалып дамылдағанда Ерекен:

– Хош... Ана жакта үлкен канал бар. Ол – Бабилян. Ал мына жерде кішкене болса да жаңа канал салынды. Енді бұған ат қояйық. Меніңше, бұған «Қапармиян» деген атау лайық, – депті.

Ду ете түскен көпшілік бірден қолдапты. Сөйтсе, әлгі арық қазушылардың арасында Қапарғали Бердікеев және Миян Рахимов деген көршілері бар екен.

Дәуекеннің дәріптелуі
Сенбі. Жұмыс күні болмағанымен Ерекеннің кабинетінде бәрібір әдеттегідей қарбалас. Түс ауа кісі аяғы үзілгеннен соң ол қабылдау бөлмесіне қоңырау қағып:

– Дәуекенді шақырындаршы, – депті. Әдетте, мұндай күндері басқа мекемелерден келген қызметкерлер кезекшілік ететін. Сондай кезекші қыз сәл-пәл антарылып қалады да, аудан әкімінің өзінен қайта анықтап сұрауды ыңғайсыз көріп, алдындағы әйнек астындағы аудандық мекеме басшыларының тізіміне үніледі. Содан соң «Дәу де болса «Дәуекен» дегені осы кісі шығар» деп аудандық ауыл шаруашылығы бөлімі бастығының үйіне телефон соғып: «Сізді аудан әкімі дереу шақырып жатыр» дейді.

Арада біраз уақыт өткенде бастық енді кабинетінің есігін ашып шығып:

– Не болды, Дәулетке хабарластыңдар ма? – деп сұрайды.

– Иә, иә ... қазір ғана сөйлестік. Лесновкадағы үйінде екен. Ужә жолға шықты ғой деймін, – деп кезекші қыз тапсырманы тастай етіп орындағанын тәпшістей баяндап. Сәл ойланп, мән-жайды түсіне қойған бәсекен:

– Жо-жоқ, маған Наймантаев емес, жүргізуші Дәулет керек, – депті.

Сөйтсе, тумысынан қарапайым Ерекен өзінен жасы әлдеқайда кіші болса да қашан да сенімді серігі болып жүретін жүргізушісі Дәулет Бердіғұловты кейде «Дәуекен» деп те ілтипатпен атайды екен. Былайғы жұрт, оның ішінде әлгі кезекші қыз да аудан әкімінің мұншалықты қарапайым екендігін қайдан білсін.

Ұйқышылды ұялтуы
Әдеттегі дүйсенбі күнігі аппараттық мәжіліс. Тура таңғы сағат сегізде басталатын бұл басқосуға бүкіл аудандағы мекеме басшылары түгел қатысып отыр. Әкімнің идеология жөніндегі орынбасары Амантай Әбдіқадырұлы хабарлама жасап тұр. Ол:

– Өткен аптада халықаралық мейірбикелер күні өте тартымды өтті. Ақ желенді абзал жандардың барлығы да бірдей белсене атсалысып, күнделікті жұмыстарының ауырлығынан шаршап жүргендеріне қарамастан бұл шараны өте қызықты етіп өткізді, – дей бергенде мәжіліске төрағалық етуші Ерекен өзінің командирлік дауысымен елді елең еткізіп:

– Конкурсқа мейірбикелердің күйеулері де қатысып па еді?, – деп оқыс сұрағаны.

– Жо-жоқ, – деп орынбасар алғашында абдырап қалды. Сонда ол сәл езу тарта күліп:

– Онда неге ана Мәкең (жұбайы мейірбике болатын) де шаршап-шалдығып, қалғып-мүлгіп отыр?, – деп қағытып өтті де, ары қарай жиналысты жалғастыра берді.

«Сен қозғалам дегенше...»
Төтенше жағдайлардың алдын алу және оның зардаптарын жою жөніндегі комиссияның жұмысы тыңдалып жатқан сәт. Атқарылған жұмыстар жөнінде есеп берген Серік Медетбектің сөзін тыңдап болған соң Ерекен:

– Есебін қағаз жүзінде дұрыс екен. Енді дереу іске кіріс. Күн ысытын кез таяп қалды. Таудағы қар ери бастағанын білесің. Сондықтан шапшаң қимылда. Сен қозғалам дегенше – сел қозғалып кетпесің!, – деп сөз соңын шалт шегелеп тастады.

Әңгімелерді әдеби өңдеп
құрастырған Нұрәділ БЕГІМБЕТ



«ЖАРКЕНТ АЙНАСЫ» ГАЗЕТІ
Меншік иесі: «БАҚ» ЖК
Директор – Дархан БЕЙСЕНБЕК
Бас редактор – Молот СОЛТАНАЕВ
Бас редактордың орынбасары –
Қали ИБРАЙЫМЖАНОВ
Дизайнер – Әділет МҰСАХАЕВ

Газеттің эл.почтасы:
jar-aina@mail.ru

➤ Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 13.09.2018 ж. тіркеліп, №17270-Г куәлігі берілген.
➤ Газет «Жаркент айнасы» компьютер орталығында теріліп, беттелді.
➤ Газет индексі - 65161
➤ Автордың материалдары редакцияның көзқарасын білдірмейді.
➤ Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.
➤ Газет Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр кентіндегі «Принт плюс» баспаханасында басылды. Офсеттік басылым.
➤ Нөмірдің таралымы: 1000 дана

Мекен-жайымыз:
Алматы облысы,
Жаркент қаласы,
Е.Сыпатаев көшесі,
242 үй, 14 пәтер
Тел.: 8/705/412-78-48;
8/705/277-16-91;
8/777/971-57-67
Газет екі аптада бір жарыққа шығады.
Тапсырыс: №6321

